



ХАБАРШЫ
АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА
СЕРИЯСЫ



СПЕЦИАЛЬНАЯ
ПЕДАГОГИКА

ВЕСТНИК

SPECIAL
PEDAGOGICS

BULLETIN

ISSN: 2960-1673

Online ISSN: 2960-1673

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university**

ХАБАРШЫ

**«Арнайы педагогика» сериясы,
Серия «Специальная педагогика»,
Series of «Special Pedagogics»**

№4 (83), 2025

Алматы, 2025

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті
ХАБАРШЫ
«Арнайы педагогика» сериясы,
№4 (83), 2025
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор
психол.ғ.д., проф. Н.Б. Жиенбаева
Бас редактордың орынбасары
Кемешова А.М. – п.ғ.к., Абай атындағы
ҚазҰПУ

Ғылыми редакторлар
Аутаева А.Н. – п.ғ.к., қауым. профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ; Рсалдинова А.К.
– п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ;
Умарова Ф.М. – п.ғ. магистрі, Абай
атындағы ҚазҰПУ;

Редакция алқасы:
п.ғ.к., доцент Г.А. Абаева,
п.ғ.д., проф. З.А. Мовкебаева,
п.ғ.к., А.А. Байтұрсынова,
п.ғ.к., З.Н. Бекбаева,
п.ғ.к., Т.Ж. Байдельдинов
п.ғ.к., О.В. Звалишина
психол.ғ.к., Шайжанова Қ.У.
PhD, С.С. Жакипбекова
PhD, А.Ж. Калыкбаева
№7 Зияты зақымдалған балаларға
арналған мектеп-интернатының
директоры
К.А. Токсамбаева
п.ғ.к., доцент Шеймарданов Ш.Ф.
(Казань);
п.ғ.д., профессор Е.М. Кулеша (Польша);
п.ғ.д., профессор Л.Хоппе (Германия);
п.ғ.д. профессор Ж.А. Пайлозян
(Армения); психол.ғ.д., қауымд. профессор
А.В. Ипатов (Ресей);
психол.ғ.д., қауымд. профессор
Прудникова В.А. – п.ғ.д., (Ресей);
п.ғ.к., доцент, Нигматуллина И.А.
(Казань)

Жауапты хатшы
Борисова Е.С. – п.ғ. магистрі
Техникалық хатшы
п.ғ.м., Ұ.А. Мирзахмедова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2023 жылы қарашаның 3-де тіркелген
№ KZ04VPU00081049

Басуға 20.12.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16,4 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 55.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Баймухамет Р.Б., Аутаева А.Н., Терминологиялық
құзыреттіліктің магистранттардың кәсіби
қалыптасуындағы рөлі

Баймухамет Р.Б., Аутаева А.Н., Роль терминологической
компетентности в профессиональном становлении
магистрантов

Baymukhamet R.B., Autayeva A.N., The role of terminological
competence in the professional development of master's students

Естемесова Ж. Т, Тоқтарұлы Д., Омарғалиева Г.С, Зияты
зақымдалған балаларға арналған арнайы білім беру
мекемелеріндегі өзекті мәселелерге талдау педагог
мамандардың көзқарасы бойынша

Естемесова Ж. Т, Тоқтарұлы Д., Омарғалиева Г.С, Анализ
актуальных проблем в специальных образовательных
учреждениях для детей с интеллектуальными нарушениями на
основе мнений педагогов

Zh. T. Estemesova, D. Toktaruly, G. S. Omargaliyeva, Analysis of
current issues in special educational institutions for children with
intellectual disabilities based on teachers' perspectives.

Рустембекова Ж.Б., Кабдырова А.А., Аутизм спектрі
бұзылған балалардың жалпы моторикасын дамытудағы
бейімделген дене шынықтырудың рөлі

Рустембекова Ж.Б., Кабдырова А.А., Роль адаптивной
физической культуры в развитии крупной моторики у детей с
расстройствами аутистического спектра

Rustembekova J. B., Kabdyrova A. A., The role of adaptive
physical culture in the development of gross motor skills in
children with autism spectrum disorders

А.М. Кемешова, С.Ж. Женис, Инклюзивті білім беру
жағдайында нашар көретін 5-сынып оқушыларының
кеңістікте бағдарлау дағдыларын интеллектуалды ойындар
арқылы дамыту

А.М. Кемешова, С.Ж. Женис, Развитие навыков
пространственной ориентировки у слабовидящих учащихся 5-
х классов посредством интеллектуальных игр в условиях
инклюзивного образования

A.M., Kemeshova, S.ZH., Zhenis, Development of spatial
orientation skills of visually impaired 5th grade students in the

Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК Серия «Специальная педагогика», №4 (83), 2025 Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2001 года. Главный редактор д.психол.н., проф Жиембаева Н.Б. Зам.главного редактора к.п.н., ст. преп. Кемешова А.М. Научные редакторы, к.психол.н., ассоц. проф. Аугаева А.Н., к. п.н., доцент Рсаидинова А.К., магистр п.н., Умарова Ф.М. Редакционная коллегия: к.п.н., доцент Абаева Г.А., д.п.н., проф. Мовкеева З.А., к.п.н., Байтурсынова А.А., к.п.н., Бекбаева З.Н., к.п.н., Байдельдинов Т.Ж., к.п.н., Звалишина О.В., к.психол.н., Шайжанова К.У. PhD, Жакипбекова С.С., PhD, Калыкбаева А.Ж. Директор школы-интерната для детей с нарушением интеллекта №7 Токсамбаева К.А. к.п.н., доцент Шеймарданов Ш.Ф. (Казань) профессор Кулеша Е.М. (Варшава), профессор Хоппе Л. (Германия), д.п.н., профессор Пайлозян Ж.А. (Армения); д.психол.н., ассоц. профессор Ипатов А.В. (Россия); д.психол.н., ассоц. профессор Прудникова В.А. – д.п.н., (Россия); к.п.н., доцент, Низматуллина И.А. (Казань) Ответственный секретарь магистр п.н. Борисова Е.С. Технический секретарь м.п.н., Мирзахмедова У.А. © Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2025 Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 3 ноябрь 2023 г. № KZ04VPY00081049 Подписано в печать 20.12.2025. Формат 60x84 1/8. Объем 16,4 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 55. 050010, г.Алматы, пр.Достык, 13. КазНПУ имени Абая Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая	context of inclusive education through intellectual games <i>Kalykbaeva A.Zh., Zhambylkhan A.B., The us of ABA therapy methods for the formation of positive behavior in preschoolers with asd: a theoretical review</i> Калыкбаева А.Ж., Жамбылхан А.Б., АСБ бар мектеп жасына дейінгі балаларда оң мінез – құлықты қалыптастыру үшін АВА терапия әдістерін қолдану: теориялық шолу <i>Калыкбаева А.Ж., Жамбылхан А.Б., Применение методов АВА – терапии для формирования позитивного поведения у дошкольников с расстройством аутистического спектра: теоретический обзор</i> ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ <i>Жиенбаева Н.Б., Рахимова А.К., Особенности развития внимания у младших школьников с задержкой психического развития</i> <i>Жиенбаева Н.Б., Рахимова А.К., Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының зейінінің даму ерекшеліктері</i> Zhiyenbayeva N. B., Rakhimova A. K., Features of Attention Development in Primary School Children with Mental Developmental Delay <i>Шайжанова Қ.У., Шайхыслам Н.Е., Абибова Н.Ш., Мониторинг эффективности логопедической работы по развитию лексики у детей с онр (III уровень)</i> <i>Шайжанова Қ.У., Шайхыслам Н.Е., Абибова Н.Ш., СТЖД (III деңгей) бар балалардың сөздік қорын дамытудағы логопедиялық жұмыстың тиімділігін мониторингтеу</i> Shaizhanova K.U., Shaikhyslam N.Y., Abibova N.Sh., Monitoring the effectiveness of speech therapy work on vocabulary development in children with general speech underdevelopment (level III) <i>Калыкбаева А.Ж., Абдуваханова А.С., Аутистік спектрі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруда невербальді нұсқаулардың рөлі</i> <i>Калыкбаева А.Ж., Абдуваханова А.С., Роль невербальных инструкций в формировании навыков самообслуживания у детей дошкольного возраста с расстройствами аутистического спектра (РАС)</i> Kalykbaeva A.Zh., Abduvakhapova A.S., The Role of Nonverbal Instructions in the Development of Self-Care Skills in Preschool Children with Autism Spectrum Disorders (ASD)	40 46 52 60
--	--	---

Kazakh National Pedagogical University named after Abai BULLETIN Series of «Special Pedagogics» №4 (83), 2025 Periodicity – 4 numbers in a year Publishing from 2001. Editor in chief doctor of Psychological sciences, professor N.B. Zhienbaeva Deputy editor candidate of Pedagogical sciences A.M. Kemesheva Scientific editor, candidate of Pedagogical sciences, A. A. Auteva, A.K. Rsaldinova candidate of pedagogical sciences, senior associate professor F.M. Umarova Master of Pedagogical sciences The editorial board members associate professor G. Abayeva, doctor of Pedagogical sciences, professor Z. Movkebaeva, A.A. Baitursynova, candidate of Pedagogical sciences, Z. Bekbayeva, candidate of Pedagogical sciences, T.J. Baideldinov, candidate of Pedagogical sciences, O.V. Zavalishina candidate of Psychological sciences K.U. Shaizhanova PhD, S.S. Zhakipbekova PhD, A.Zh. Kalykbaeva Director of the boarding school for children with intellectual disabilities №. 7 K.A. Toksambayeva Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor Sheimardanov Sh.F. (Kazan) master of pedagogical sciences, senior master of pedagogical sciences, Professor E. Kulesha (Warsawa), Professor L. Hoppe (Berlin), doctor of pedagogical sciences, professor Zh.A. Pailozjn (Armenia), doctor of Psychological sciences, associate professor A.V. Ipatov (Russia) Prudnikova V.A. – Doctor of Pedagogical Sciences, (Russia); Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Nigmatullina I.A. (Kazan) Responsible secretary Master of Pedagogical sciences E.S. Borisova Technical Secretary Lecturer, U.A. Mirzakhmedova Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 2025 The journal is registered by the Ministry of Culture and Information RK 3 November 2023. № KZ04VPY00081049 Signed to print 20.12.2025. Format 60x84 1/8. Volume – 16,4 publ. literature. Edition 300 num. Order 55. 050010, Almaty, Dostykave., 13 KazNPU named after Abai Publishing house «Ulagat» Kazakh National Pedagogical University named after Abai	ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ <i>Сардарова Ж.И., Серикова А.Б., Ертегі терапиясы арқылы ПДТ бастауыш сынып оқушыларының белсенді сөздік қорын дамыту ерекшелігі</i> Сардарова Ж.И., Серикова А.Б., Особенности развития активного словарного запаса младших школьников с РАС через терапию сказкой <i>Sardarova Zh.I., Serikova A.B., Features of Developing Active Vocabulary in Primary School Students with ASD through Fairy Tale Therapy</i> <i>Ерубайева А. А., Сабденова Б.А., Шейпинг әдісін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту</i> Ерубайева А.А., Сабденова Б.А., Развитие речевых навыков у детей дошкольного возраста с расстройствами аутистического спектра с использованием метода шейпинга <i>Erubaeva A.A., Sabdenova B.A., Developing Speech Skills in Preschool Children with Autism Spectrum Disorder Using the Shaping Method</i> <i>Шалдарбек С.Б., Булабаева С.Т., Жақанбаева Б.Б., Оптикалық дисграфияны зерттеудегі көру гнозисінің маңызы</i> Шалдарбек С.Б., Булабаева С.Т., Жақанбаева Б.Б., Значение зрительного гнозиса в изучении оптической дисграфии <i>Shaldarbek S.B., Bulabayeva S.T., Zhakanbayeva B.B., The role of visual gnosys in the study of optical dysgraphia</i> <i>Мирзахмедова У.А., Абаева Г.А., Кемешова А.М., 9-10 жастағы нашар көретін оқушыларда уақыт туралы түсініктерінің ерекшеліктері</i> Мирзахмедова У.А., Абаева Г.А., Кемешова А.М., Особенности понятия о времени у слабовидящих школьников 9-10 лет <i>Mirzakhmedova U.A., Abaeva G.A., Kemeshova A.M., Features of the concept of time in visually impaired schoolchildren aged 9-10</i> АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР..... СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ..... INFORMATION ABOUT THE AUTHORS..... МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ.....	67 74 83 90 96 98 100 102 103
---	--	--

Құрметті оқырмандар!

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы жинағының «Арнайы педагогика» сериясы арнайы педагогиканың теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерін қарастыруға бағытталған материалдарды жариялауды жалғастырады. Хабаршының бұл санында Қазақстанның алыс және жақын шетелдерінің арнайы білім беру ұйымдарының мамандарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, докторанттарының, магистранттардың мақалалары қамтылған.

Басылымда қарастырылған рубрикалар аясында төмендегідей өзекті мәселелер қарастырылды:

– Арнайы және инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері.

– Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды зерттеу.

– Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу. Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Сіздердің мақалаларыңызды және ұсыныстарыңызды күтеміз. Сіздердің жолдаған мақалаларыңыз Қазақстандағы дефектология ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

«Арнайы педагогика» сериясы Хабаршысының сайты <https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home>

Құрметпен бас редактор: психол.ғ.д., проф. Н.Б. Жиенбаева

Уважаемые читатели!

В очередном номере вестника КазНПУ имени Абая серии «Специальная педагогика» опубликованы научные статьи, посвященные актуальным проблемам специального инклюзивного образования детей с особыми образовательными потребностями. В контексте модернизации обновления содержания образования свое отражение находят проблемы научно-теоретического и прикладного характера. Авторы статей – ученые, докторанты, магистранты из Республики Казахстан, ближнего и дальнего зарубежья. Публикуются практические материалы работников специальных (коррекционных) и общеобразовательных организаций образования.

В рамках специальных рубрик сборника рассматриваются такие важные направления, как:

– Актуальные вопросы специального и инклюзивного образования;

– Изучение детей с особыми образовательными потребностями;

– Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями.

Ждем Ваших материалов и надеемся, что все научные статьи, опубликованные в Вестнике, внесут определенный вклад в развитие теории и практики дефектологической науки в Республике Казахстан.

Сайт Вестника «Специальная педагогика» <https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home>

С уважением, главный редактор: д.психол.н., проф. Н.Б. Жиенбаева

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ 378.048.2
ГТАМР 14.35.01

¹Р.Б. Баймухамет, ²А.Н. Аутаева

¹8D01901 – Арнайы педагогика БББ I – курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан
²п.с.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ Арнайы педагогика
кафедрасының меңгерушісі, Алматы қ., Қазақстан

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада магистранттардың кәсіби қалыптасуындағы терминологиялық құзыреттіліктің рөліне кешенді талдау жасалады. Магистрант негізгі базалық білімді меңгерген маман болғанына қарамастан ғылыми аспект тұрғысынан кәсіби құзыреттілікті тереңірек қалыптастыру қажет білім алушылар тобы болып табылады. Олардың кәсібилігі тек қана теориялық білімді меңгеру және оны практика жүзінде қолданумен шектелмейді. Себебі, магистратура академиялық деңгейі ғылыми үрдіске белсенді қатыса алатын кәсіби мамандарды даярлауды көздейді. Демек, мұнда терминологиялық құзыреттіліктің де алатын орны ерекше. Себебі, магистрант үшін өзінің кәсіби саласына қатысты терминдерді білу және оны ғылыми тұрғыдан жетік қолдана білу олардың теориялық – практикалық білімдерінің тиімділігін арттыратын тетік бола алады.

Мақала авторлары ұсынылған мақала мазмұнында терминологиялық құзыреттіліктің мазмұнын, компоненттерін теориялық талдау әдісінің негізінде ашып көрсетіп, оның рөліне нақты тоқталады. Сонымен қатар, мақалада терминологиялық құзыреттілікті зерттеген авторлардың еңбектерінен үзінділер келтіріліп, авторлар тарапынан тұжырымдар ұсынылған.

Кілт сөздер: магистратура, терминологиялық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, кәсіби қалыптасу, термин.

¹Р.Б. Баймухамет, ²А.Н. Аутаева

¹докторант I – курса ОП 8D01901 – Специальная педагогика, г. Алматы, Казахстан
²к.п.с.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой Специальной педагогики
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ СТАНОВЛЕНИИ МАГИСТРАНТОВ

Аннотация. В статье проводится комплексный анализ роли терминологической компетентности в профессиональном становлении магистрантов. Несмотря на то что магистрант уже является специалистом, освоившим базовое профессиональное образование, он относится к группе обучающихся, которым необходимо более глубокое формирование профессиональной компетентности в научном аспекте. Их профессионализм не ограничивается лишь овладением теоретическими знаниями и их практическим применением. Магистратура как академический уровень предполагает подготовку специалистов, способных активно участвовать в научном процессе. Следовательно, терминологическая компетентность занимает здесь особое место. Знание терминов, относящихся к профессиональной сфере магистранта, и умение корректно и научно

обоснованно использовать их выступают механизмом повышения эффективности его теоретико-практической подготовки.

Авторы статьи, опираясь на методы теоретического анализа, раскрывают содержание и компоненты терминологической компетентности, а также акцентируют её значимость. Кроме того, в работе приведены фрагменты исследований авторов, изучавших терминологическую компетентность, и представлены выводы, сформулированные авторами статьи.

Ключевые слова: магистратура, терминологическая компетентность, профессиональная компетентность, профессиональное становление, термин.

¹R.B. Baymukhamet, ²A.N. Autayeva

¹*1st-year doctoral student, Educational Program 8D01901 – Special Pedagogy, Almaty, Kazakhstan*

²*Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Special Pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF TERMINOLOGICAL COMPETENCE IN THE PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF MASTER'S STUDENTS

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the role of terminological competence in the professional development of master's students. Although a master's student is already a specialist with fundamental professional education, this group of learners requires a deeper formation of professional competence in the scientific dimension. Their professionalism is not limited to acquiring theoretical knowledge and applying it in practice. The master's level, as an academic stage, aims to prepare specialists capable of actively participating in scientific processes. Therefore, terminological competence holds a particularly significant place. Knowing the terms related to their professional field and being able to use them accurately and scientifically serves as a mechanism for enhancing the effectiveness of their theoretical and practical training.

Relying on theoretical analysis methods, the authors of the article reveal the content and components of terminological competence and emphasize its importance. In addition, the article includes excerpts from studies of scholars who explored terminological competence, and presents the conclusions formulated by the authors.

Keywords: master's program, terminological competence, professional competence, professional development, term.

Кіріспе. Білім беру мен ғылым саласындағы қарқынды өзгерістер жағдайында терминологиялық құзыреттілік мамандардың қалыптасуындағы шешуші фактордың бірі болып отыр. Себебі, терең ғылыми зерттеу үрдісіне аяқ басу мен ғылыми нәтижелерді таратуға бағытталған шаралар аталған құзыреттілік түрінің міндетті түрде жоғары деңгейде қалыптасуын көздейді. Себебі, ғылыми үрдіс тек терминнің дефинициясын білумен шектелмейді. Сонымен бірге, терминнің орынды қолданылуы, халықаралық стандарт шеңберінде жаңаруы және аударма кезіндегі талаптары туралы да білім қоры қажет етіледі.

Елімізде терминологиялық сөздіктің ғылыми еңбектер арасында кездескендігіне қарамастан, нақты арнайы педагогика мәселелеріне бағытталған сөздік әлі күнге дейін әзірленбеген. Бұл мәселенің қарама – қайшылығы бола отырып, тақырыпты зерттеудің көкейкестілігін негіздей алады.

Мақала аясындағы зерттеудің мақсаты - терминологиялық құзыреттіліктің магистранттардың кәсіби қалыптасуындағы рөлін арнайы әдебиеттерді талдай отырып негіздеу.

Негізгі бөлім. Магистранттардың кәсіби қалыптасуындағы терминологиялық құзыреттіліктің рөлі бірқатар факторлар есебінен негіздеуге болады. Атап айтқанда, қазіргі

танда білім беру саласындағы өзгермелі жағдайлар мен қарқынды даму үрдісі ғылым саласына жаңа терминдердің пайда болуына алып келді. Бұл терминдердің енуі гуманистік, технологиялық және инновациялық мақсаттар негізінде пайда болып, бұрын қалыптасқан кейбір терминдерді алмастыруға, кейбірін қолданыстан алып тастауға ықпал етті. Сәйкесінше, мұндай өзгерістер магистранттардың кәсіби қалыптасу процесінде өз әсерін тигізеді. Демек, терминологиялық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту жоғары маңызға ие.

XXI ғасырдың басында пайда болған «тосқауыл» жекелеген халықтардың да, бүкіл елдердің де өмірінің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін терминдерді бірыңғай түсіну мен түсіндірудің болмауы нәтижесінде туындаған көптеген мәселелерді шешуде негізгі кедергі болды. Бұл терминологиялық кедергіні жою мәдениетаралық және кәсіптік коммуникацияда өте маңызды [1].

Екінші себеп қазіргі білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты. Білімнен құзыреттілікке бағытталған білім беру моделіне көшу оқу ақпаратын игеру процесінде және ең алдымен гуманитарлық цикл пәндерінде терминологияның маңыздылығына деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Тұрақты анықтамалардың қарапайым репродукциясынан және оларды оқу жағдайларында мүмкіндігінше дәл қолданудан қазіргі гуманитарлық білімнің терминологиялық әртүрлілігін түсінуге баса назар біртіндеп ауысады. Осыған байланысты саралау қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар интеллектуалды, шығармашылық, коммуникативті және басқа да қызмет түрлерінде қолданылатын терминологияның мағыналарын нақтылау қажеттілігі артады [2].

Осыған байланысты әртүрлі салалардың кәсіби мәтіндеріндегі және кәсіби қарым - қатынастың әртүрлі жағдайларындағы терминдердің функцияларын анықтауға және сипаттауға, сөйлеу мен компьютерлік жүйелерде терминдерді қолдану ерекшеліктерін анықтауға, арнайы кәсіби лексика сөздіктерін жобалау және әзірлеу бойынша терминографияның практикалық мәселелеріне байланысты терминологиялық зерттеулер белсенді жүргізілуде. Мұндай зерттеулер білім алушылардың кәсіби коммуникациясын жетілдіріп, терминологиялық құзыретті мамандарды даярлау үрдісінде белсенді жүргізіліп келеді. Терминологиялық құзыреттілік мәселесіне қатысты шетелде кең зерттеу жұмыстары мен практикалық маңызы бар зерттеулер өндіріске енгізілгеніне қарамастан елімізде бұл тақырыпты зерттеу тұрақты жолға қойылмаған.

Мамандарды терминологиялық даярлау мәселелеріне арналған зерттеулерді қазіргі таңда жүргізу өте өзекті, өйткені ғалымдар мен практиктер терминология ғылыми стильдің негізгі ерекшеліктерінің бірі, ғылым тілі мен кәсібінің лексикасының ақпараттық өзегі ретінде кәсіби қызметке дайындықтың барлық кезеңдерінде көрініс табуы деп саралайды. Өйткені, кәсіби қызмет саласына арнайы тіл - Кәсіби коммуникация тілі қызмет етеді. Сондықтан, магистранттарды осы кәсіби тілді дамыта отырып, олардың кәсіби қалыптасуы мен сенімді маманға айналуына қол жеткізе аламыз.

Үшінші себеп Қазақстанда кәсіби қызметті стандарттаудың қазіргі тенденциясына байланысты. Елімізде соңғы жылдары педагогика саласында қызмет ететін мамандарға арналған маңызды нормативтік құжаттардың бірі «Педагог мәртебесі туралы» Заңда, кәсіби біліктілік санатының классификаторында біліктіліктің нақты атауы мен еңбек функциялаының нақтылануы мен мамандарға қойылатын талаптың күшеюі маман құзыреттігіне деген сұраныстың дамуына ықпалын тигізді [3]. Кәсіби қызметтің белгілі бір түрінің функционалдық картасының сипаттамасы Кәсіби құзыреттіліктің сипаты мен қолданылу аясын анықтайтын арнайы терминологияны қолдануды талап етеді. Бүгінгі таңда көптеген зерттеулерде университет жағдайында кәсіби (пәндік) құзыреттілікті игеру, егер бұл процесс мақсатты, құрылымдық және терминология ілімдерімен қатар жүрсе, сәтті болатындығы дәлелденді. Бұл кез-келген кәсіптің құпиялары белгілі бір мамандық терминологиясының негізінде жатқандығымен шартталған. Бұл ғылыми білім мен

практикалық дағдыларды игеруге ықпал ететін, маманды бәсекеге қабілетті ететін терминологиялық сауаттылық [4].

Төртінші себеп-кәсіби қоғамдастықтағы коммуникацияларды қолдау. Мамандардың тікелей немесе жанама қарым-қатынасы барысында арнайы терминдерді білу және дәл қолдану ақпаратты түсіну сапасын қамтамасыз етеді, кәсіби шоғырлануға ықпал етеді және кәсіби тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Терминологиялық құзыреттіліктің маңыздылығын арттырудағы кәсіби қоғамдастықтың рөлі оның өкілдерін кәсіптік білім беру сапасын сараптамалық бағалауға тарту есебінен де қамтамасыз етіледі.

«Терминологиялық құзыреттіліктің» ерекшелігін түсіну құзыреттілік тәсілдегі базалық санаттар болып табылатын «құзыреттілік» және «құзырлық» терминдерінің анықтамаларына жүгінбей мүмкін емес. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, осы терминдердің көлемі мен мазмұнын қамтуда бірыңғай пікір қалыптаспаған. Авторлардың басым бөлігі бұл терминді білім, білік және дағды тоғысындағы кәсіби сала білімдерінің жиынтығы деп түсіндіретін болса, басқа авторлар тобы оны маманның теориялық және практикалық білімдерінің жеткілікті көлемде қалыптасуы деп қарастырады.

«Құзыреттілік» және «құзырлық» ұғымдарының нақты көлемі мен мазмұнын тақырыпты зерттеген авторлардың бірі А.В. Хуторский бөледі. Оның көзқарасы бойынша құзыреттілік адамның белгілі бір саладағы тиімді және өнімді қызметі үшін қажетті білім беру дайындығына алдын - ала белгіленген әлеуметтік талап (норма) болып табылады. Ал құзырлық дегеніміз - оған және қызмет тақырыбына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болу, иелік ету деп түсініледі. Яғни, құзыреттілік-бұл тұлғаның бұрыннан қалыптасқан қасиеттер жиынтығы және берілген саладағы қызметтің минималды тәжірибесі [5]. Кәсіби құзыреттіліктің рөлін зерттей келе, терминологиялық құзыреттіліктің төмендегідей көрсеткіштерін атауға болады (Сурет 1):



Сурет 1 – Терминологиялық құзыреттілік көрсеткіштері


Терминологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесінде кәсіби қызмет субъектілерінің ерекшеліктерін де ескеру қажет-олардың кәсіби тілді білу деңгейі бойынша саралануының жоғары дәрежесі, кәсіби маманданудың болуы, кәсіби тілді жетілдіруге ынталандыру, интеллектуалды, когнитивті, психоэмоционалды және тілдік қабілеттерін дамыту. Себебі, магистратура деңгейінде білім алатын студенттердің бакалавр деңгейіндегі білім алушылардың айырмашылығының бірі олардың базалық білімінің әртүрлі болуы болып табылады. Яғни, олардың басым бөлігі сол саланың білім алушылары болғанымен, аталған сала бойынша жаңадан білім алуға қадам жасаған білім алушылар контингентінің де

бар екендігі белгілі. Бұл терминологиялық құзыреттілікті қалыптастыру рөлін одан әрі маңызды ете түседі.

Дербес құрылымдық бірлік ретінде терминологиялық құзыреттіліктің рефлексивті-тілдік компонентін бөліп көрсету қажеттілігі осы компоненттің Кәсіби құзыреттілік үшін міндетті болып табылатындығымен және сәйкесінше терминологиялық үшін де маңызды екендігімен түсіндіріледі. С.А. Дружиловтың пікірінше, рефлексивті компонент «өз қызметінің нәтижелерін және өзінің даму деңгейін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау қабілетінде көрінеді; шығармашылық, бастамашылдық, ынтымақтастыққа, бірлесіп құруға, интроспекцияға бейімділік сияқты қасиеттер мен қасиеттердің қалыптасуы» деп сипатталады. Рефлексивті компонент құзыреттіліктің көріну процесін реттеуге және оның нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Ол кәсіби тілдегі жетістіктерді, кәсіби коммуникацияда терминологияны қолдануда жеке мағыналарды іздеуді реттеуші, сонымен қатар өзін - өзі тануды, кәсіби өсуді, шеберлікті жетілдіруді, мағыналық шығармашылық қызметті және терминологиямен жұмыс істеудің жеке стилін қалыптастыруды ынталандырады. Бұл құрылымдық элемент терминдерді игеру мен қолданудағы жетістіктерді бағалау және маманның кәсіби қызмет пен коммуникацияда терминологияны қолданудың дәлдігі мен сапасын арттыруға деген ұмтылысы түрінде көрінеді [6,7]:

- кәсіби маңызды ақпаратты саралау, тарату мен беру процесінде арнайы лексиканы қолданудың дәлдігі мен дұрыстығының мәнін түсіну;
- жеке кәсіби тәжірибені түсіну мен бекітудегі терминологияның рөлін түсіну;
- белсенді кәсіби тезаурустың көлемін түсіну;
- арнайы лексиканы қамтитын кәсіби ақпаратты түсінуде қиындықтардың болуы;
- жаңа терминдермен жұмыс істеу кезінде ақпараттық ресурстарға, арнайы әдебиеттерге немесе жаңа терминдерді іздеу үшін әріптестеріне жүгінуге дайын болу;
- өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі, оның ішінде жеке кәсіби тезаурусты кеңейту арқылы.

Жоғарыда берілген теориялық деректерді саралай келе, терминологиялық құзыреттіліктің мынадай компоненттерін бөліп көрсете аламыз (сурет 2).



Сурет 2 – Терминологиялық құзыреттілік компоненттері

Қорытынды. Терминологиялық құзыреттілік – кәсіби құзыреттіліктің маңызды әрі негізгі компоненттерінің бірі. Аталған құзыреттілік кез – келген академиялық деңгейдің аясында маңызды және өзекті рөлге ие болып келеді. Сол себепті, терминологиялық құзыреттілікті дамыту жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Магистранттардың терминологиялық құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми мақалада талданғандай олардың кәсіби қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Себебі, магистрант білім алушы тек қана білім беру үрдісінде кәсібилігін арттыру ғана емес, сонымен қатар, ғылыми қауымдастықтың беделді өкілі болуға да талпынады. Мұндай талпыныс терминологиялық құзыреттілікті қалыптастыру рөлін негіздеп, мақсатын айқындай түседі.

Қорыта айтқанда, терминологиялық құзыреттілік магистранттардың кәсіби қалыптасуындағы негізгі әрі маңызды көрсеткіш болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Грибан О. Н. Сущность и структура информационной компетентности студентов педагогического вуза // Понятийный аппарат педагогики и образования: сб. науч. тр. / отв. ред. Е. В. Ткаченко, М. А. Галагузова. Екатеринбург: СВ-96, 2012. Вып. 7. С. 336–344.
2. Бордовская Н. В., Кошкина Е. А. Структурно-функциональная модель терминологической компетентности специалиста // Вестник СПбГУ. Серия 16. Психология. Педагогика. 2016. Вып. 4. С. 97–109. DOI: 10.21638/11701/spbu16.2016.408
3. Филиппова А. А., Мишланова С. Л. Терминологическая компетентность учителя иностранного языка // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. – 2018. – №. 4. – С. 153-161.
4. Миронов А. Г. Терминологическая грамотность в области психологии обучающихся социально-гуманитарных направлений подготовки // Russian Journal of Education and Psychology. – 2018. – Т. 9. – №. 1-1. – С. 167-174.
5. Абрамовских Т. А. Формирование терминологической компетентности как составная часть системы повышения профессиональной квалификации слушателей // Перспективы развития отечественного образования: приоритеты и решения. – 2016. – С. 340-345.
6. Хуторской А. В. Определение общепредметного содержания и ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов // Интернет-журнал «Эйдос». 2002. URL: <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>
7. Дружилов С. А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход // Сибирь. Философия. Образование. 2005. № 8. С. 26–44.

МРНТИ 14.29.33

УДК 376.42

Ж. Т. Естемесова¹, Д. Тоқтарұлы², Г. С. Омарғалиева³

¹п.ғ.м., зертхана меңгерушісі, Zhanara_es@mail.ru

²п.ғ.м., аға ғылыми қызметкер, doszhan.defektolog@bk.ru

³п.ғ.м., әдіскер giek-888@mail.ru

^{1,2,3} «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ. Зияты зақымдалған және күрделі бұзылыстары бар балаларға арнайы білім беру зертханасы.

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТАЛДАУ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША

Аңдатпа

Мақалада арнайы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мамандардың кәсіби тәжірибесі мен сұраныстарының нәтижелері қарастырылған. Зерттеу барысында мамандардың басым бөлігі арнайы мектептерде және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде жұмыс істейтіні анықталды. Кәсіби қызмет барысында жиі кездесетін мәселелердің қатарында әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі білім беру курстарының тапшылығы және зияты зақымдалған балалармен жұмыс әдістерінің жеткіліксіздігі айқындалды. Зияты зақымдалған балаларды түзете-дамыту жұмыстарында қолданылатын әдістер сенсорлық интеграция мен М.Монтессори әдістерін педагогтар кеңінен қолданатынын, ал PECS әдісін қолданудың төмендігін яғни коммуникативтік дағдыларды дамыту бағытының олқылықтарын көрсетті. Зерттеу нәтижелері мамандардың басым көпшілігі балама және қосымша қарым-қатынас құралдарын қолдануды қажет деп санайтынын көрсетті. Сонымен бірге, біліктілікті арттыру курстары бойынша сұраныс кәсіби бағдарланған және инновациялық әдістерді меңгеруге бағытталған. Алынған деректер арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруды, әдістемелік базаны толықтыруды және мектеп-отбасы, әлеуметтік серіктестік нығайтуды қажет ететінін дәлелдейді.

Түйін сөздер: арнайы педагогика, кәсіби құзыреттілік, әдістемелік құралдар, біліктілікті арттыру, зияты зақымдалған балалар, арнайы білім беру.

Ж. Т. Естемесова¹, Д. Токтарұлы², Г. С. Омарғалиева³

¹магистр педагогических наук, заведующая лабораторией, Zhanara_es@mail.ru

²магистр педагогических наук, старший научный сотрудник, doszhan.defektolog@bk.ru

³магистр педагогических наук, методист, giek-888@mail.ru

^{1,2,3} РГП на ПХВ «Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования». Лаборатория специального образования детей с интеллектуальными нарушениями и тяжелыми множественными нарушениями развития.

АНАЛИЗ АКТУАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ В СПЕЦИАЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ ДЛЯ ДЕТЕЙ С ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ НА ОСНОВЕ МНЕНИЙ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье рассмотрены результаты анализа профессионального опыта и запросов специалистов, работающих в специальных образовательных учреждениях. В ходе исследования установлено, что большинство специалистов работают в специальных школах

и психолого-педагогических коррекционных кабинетах. Среди наиболее часто встречающихся проблем в профессиональной деятельности отмечается недостаток методических пособий, ограниченность образовательных курсов, а также недостаточность эффективных методов работы с детьми с интеллектуальными нарушениями. В коррекционно-развивающей работе с детьми педагоги активно применяют методы сенсорной интеграции и метод М. Монтессори, в то время как использование метода PECS остается на низком уровне, что указывает на недостаточное развитие коммуникативных навыков. Результаты исследования показывают, что большинство специалистов считают необходимым использование альтернативных и дополнительных средств коммуникации. Вместе с тем, запрос на курсы повышения квалификации ориентирован на освоение профессионально направленных и инновационных методов. Полученные данные свидетельствуют о необходимости повышения профессиональной компетентности специальных педагогов, пополнения методической базы, а также укрепления взаимодействия «школа–семья» и социального партнёрства.

Ключевые слова: специальная педагогика, профессиональная компетентность, методические пособия, повышение квалификации, дети с интеллектуальными нарушениями, специальное образование.

ANALYSIS OF CURRENT ISSUES IN SPECIAL EDUCATIONAL INSTITUTIONS FOR CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES BASED ON TEACHERS' PERSPECTIVES

Zh. T. Estemesova¹, D. Toktaruly², G. S. Omargaliyeva³

¹ M.Ed., Head of Laboratory, Zhanara_es@mail.ru

² M.Ed., Senior Researcher, doszhan.defektolog@bk.ru

³ M.Ed., Methodologist, giek-888@mail.ru

^{1,2,3} Republican State Enterprise on the Right of Economic Management “National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education”. Laboratory of Special Education for Children with Intellectual Disabilities and Severe Multiple Developmental Disorders.

Abstract. The article examines the results of analyzing the professional experience and needs of specialists working in special educational institutions. The study revealed that the majority of specialists are employed in special schools and psychological-pedagogical correctional centers. The most frequently reported challenges in their professional practice include a shortage of methodological resources, limited availability of training courses, and insufficient methods for working with children with intellectual disabilities. In correctional and developmental work, teachers widely apply sensory integration and the Montessori method, whereas the use of the PECS method remains low, highlighting gaps in the development of communication skills. The findings indicate that most specialists consider the use of alternative and augmentative communication tools essential. Furthermore, the demand for professional development courses is primarily directed towards mastering profession-oriented and innovative methods. The results emphasize the necessity of enhancing the professional competence of special educators, expanding the methodological base, and strengthening school–family collaboration as well as social partnership.

Keywords: special education, professional competence, methodological resources, professional development, children with intellectual disabilities, special pedagogy.

Кіріспе. Қазіргі таңда елімізде арнайы білім беру саясаты ерекше білім алуда қажеттіліктері бар балалардың сапалы әрі қолжетімді білім алуына жағдай жасауға

бағытталған. Алайда, зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінде өзекті мәселелер бар екендігі анық байқалады. Бұл мәселелер алдымен мамандардың тапшылығы, педагогтарда кездесетін кәсіби күйзелістер, материалдық-техникалық ресурстардың жеткіліксіздігі және мекемелердегі қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты туындайды. Бұл жағдайлар арнайы білім беру үдерісінің тұрақтылығы мен тиімділігін әлсіретіп, зиятында бұзылыстары бар оқушылардың жеке қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға кедергі келтіреді.

Зияты зақымдалған оқушыларға арналған арнайы білім беру айтарлықтай эволюциялық дамудан өткеніне қарамастан, тең және тиімді білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде көпқырлы қиындықтарға әлі де тап болып отыр[1]. Бұл эволюция зияты зақымдалған оқушылардың мәселелерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Яғни, ол жеке тұлғалық ерекшеліктер мен қоршаған ортаның қолдауы арасындағы өзара әрекеттестікті ескеруді алдыңғы қатарға шығарады [2]. Егерде зияты зақымдалған оқушыларға қолайлы ортада дамуға жағдай жасалынса, арнайы бағдарламалар олардың даму деңгейіне сай бейімделсе, педагогтар тарапынан қолдау көрсетілсе, ата-аналармен ынтымақтаса отырып түзету жұмыстары жүргізілсе, онда мұндай балалар өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік туындайды. Ал керісінше, ортада кедергілер көп болса (қоғамдық стигма, ресурстар жетіспеушілігі, педагогтар дайындығының төмендігі), онда зиятында бұзылыстары бар оқушылардың мүмкіндіктері шектеліп қалады. Кейбір ғалымдардың зерттеуінше мұғалімдердің көзқарастары бойынша оқу материалдарының жеткіліксіздігі мен педагог кадрлардың даярлығының төмендігі педагогтар үшін оқушыларға қажетті қолдау көрсету қабілетін шектейтін маңызды фактордың бірі ретінде қарастырылады[3]. Кейбір мұғалімдер өздерінің кәсіби күйзелістілігіне және қолданылатын педагогикалық тәжірибелерінің жеткіліксіздігіне алаңдаушылық білдіреді, бұл жағдайды жеңілдету үшін қосымша қолдау жүйелерінің қажеттілігін айқындайды[4]. Сонымен қатар арнайы білім беру жүйесіндегі бюрократиялық кедергілер тиімді стратегияларды іске асыруға қиындық келтіріп, мұғалімдердің оқушылардың алуан түрлі қажеттіліктеріне дер кезінде жауап беру мүмкіндігін шектейді [3, 7 б]. Сонымен бірге, арнайы педагогтардың психикалық денсаулық мәселелерін ескеру – ерекше маңызды фактор болып табылады. Зерттеулер нәтижесінде арнайы педагогтардың шамамен 40%-ында белгілі бір психикалық ауру белгілері байқалатыны анықталған [5]. Бұл көрсеткіш жалпы ересек адамдар арасындағы орташа деңгейден әлдеқайда жоғары екені белгілі. Мұндай жағдай педагогтердің кәсіби қызметін атқаруына тікелей ықпал етеді: эмоционалдық күйзеліс, кәсіби қажу, шамадан тыс жұмыс жүктемесі және қолдаудың жеткіліксіздігі олардың оқушыларға сапалы білім беру және қажетті қолдау көрсету мүмкіндігін шектейді.

Яғни, педагогтің психикалық денсаулығы тек оның жеке әл-ауқатына ғана емес, сонымен қатар оқушылардың оқу мотивациясына, эмоционалдық тұрақтылығына және білім беру процесінің тиімділігіне әсер етеді. Егер мұғалім тұрақты күйзеліс пен психологиялық қысым жағдайында жұмыс істесе, ол оқыту әдістерін тиімді пайдалану қабілетін жоғалтуы, оқушылардың дара қажеттіліктеріне икемделуі қиындауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, арнайы педагогтердің психикалық денсаулығын қолдау – білім беру сапасын арттырудың және арнайы білім берудің табысты жүзеге асуының негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Әлемдік деңгейде арнайы және инклюзивті білім беруді қолдайтын түрлі заңнамалық реформалар мен саяси бастамалар қолға алынғанымен, бұл бағытта шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар екенін ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсетеді. Oad, 2023 ж зерттеуінше қоғамда ата-аналар арасында немесе кейбір педагогтар тарапынан мүмкіндігі шектеулі балаларды толыққанды оқытуға қатысты теріс стереотиптер мен сенімсіздік сақталуда. Мұндай әлеуметтік-психологиялық кедергілер білім берудің мазмұнды әрі тиімді іске асуына кері әсерін тиізеді[6].

Екіншіден ресурстардың жетіспеушілігі арнайы мекемелердегі басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жағдай оқу-әдістемелік құралдардың заманауи оқыту технологияларының, мамандандырылған жабдықтардың және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің тапшылығымен тікелей байланысты. Яғни ресурстардың жетіспеушілігі арнайы білім беру мекемелерінің ғана емес, жалпы білім беретін ұйымдарда білім алатын зияты зақымдалған оқушылардың да сапалы білім алуына кдергі келтіреді [7]. Сонымен қатар арнайы білім беру ұйымдарындағы педагог мамандардың кәсіби көзқарастарын зерттеудің жеткіліксіздігі жағдайды одан әрі күрделендіре түседі. Себебі педагогтердің пікірлері мен тәжірибелері инклюзивті жіне арнайы білім беруде кездесетін нақты қиындықтарды анықтауда, оқушылардың білім алуудағы жетістіктеріне тікелей ықпал ететін кедергілерді анықтау мен оларды жеңілдетуге бағытталған стратегияларды әзірлеуде басты рөл атқарады [8]. Егер педагогтардың кәсіби тәжірибесіне сүйенген зерттеулер жеткіліксіз болса, онда білім беру саясаты мен тәжірибесінде шешімдер көбіне формалды сипат алып, нақты қажеттіліктер ескерусіз қалады. Отандық ғалымдар Ж. Намазбаева[9], Ғ. Абаева[10], А. Айтбаева [11], еңбектерінде арнайы білім беру мекемелерінің жұмыс барысы жүйеленіп көрсетілген. Алайда мекемелерде кездесетін мәселелер тақырыбындағы зерттеуле елімізде аз кездеседі. Арнайы білім беру мекемелеріндегі педагогтердің кәсіби көзқарастары-білім беру жүйесіндегі қиындықтарды жан-жақты бағалаудың маңызды болып табылады. Себебі педагогтер зияты зақымдалған оқушылармен жұмыс атқару барысында күнделікті тәжірибелеріне сүйеніп оқу мен тәрбие жұмысын тікелей ықпал ете алады. Олардың пікірлері арқылы арнайы білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ ескеруді қажет ететін нақты бағыттарды анықтауға негіз болады. Бұл мақалада зияты зақымдалған балаларға аналған білім беру мекемелеріндегі өзекті мәселелерге педагогтардың көзқарастары тұрғысынан талдау жасалады Мұндай талдау арнайы білім беру саясатын жетілдіруге, педагогтерді кәсіби тұрғыдан қолдауға, білім алушылардың спалаы білім алуына бағытталған тиімді стратегияларды айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысы 2024-2025 жж аралығында жүргізілді. Зерттеудің басты мақсаты зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру мекемелеріндегі өзекті мәселелерді арнайы педагогтардың кәсіби тәжірибесі негізінде анықтау арқылы талдау жасау.

Зерттеу әдісі ретінде сауалнама қолданылды. Сауалнамада арнайы педагогтердің кәсіби қызметінде жиі тап болатын қиындықтар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында кездесетін кедергілер, оқу әдістемелік қамтамасыз ету, материалдық-техникалық база, сондай-ақ кәсіби қолдау мен біліктілікті арттыру қажеттіліктеріне қатысты сұрақтар қамтылды.

Зерттеуге еліміздің әртүрлі өңірлеріндегі арнайы білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын 1783 арнайы педагог қатысты. Қатысушылардың құрамында арнайы мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілері, арнайы мамандар қатысты. Іріктеу көлемі қатысушылардың жалпы санын ескере отырып, репрезентативтілік принципіне сәйкес қамтамасыз етілді. Сауалнама офлайн форматта жүргізілді. Сандық мәліметтер пайыздық үлестермен, жиілік көрсеткіштермен беріліп, сапалық жауаптар мазмұндық талдау әдісі арқылы жүйеленді.

Нәтижелер мен талқылау: Кестеде көрсетілген зерттеу сұрақтары мен нәтижелері арнайы білім берудегі білім беру жағдайында жұмыс істейтін мамандардың кәсіби тәжірибелері мен сұраныстарын анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнамаға қатысқан мамандардың басым бөлігі **(44,6%)** арнайы мектептерде жұмыс істейтінін көрсетті. Сонымен қатар 36,6%-ы психологиялық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде, 12,5%-ы арнайы балабақшаларда, түзету кабинеттерінде, ал 6,3%-ы оңалту орталықтарында еңбек етеді. Бұл мәліметтер арнайы білім беру мекемелерінің негізгі қызмет аймағы ретінде мектеп пен түзету кабинеттерінің жетекші рөл атқаратынын айғақтайды.

Кесте 1

Сауалнама сұрақтары	Жауаптар	Саны	%
---------------------	----------	------	---

Жұмыс істейтін мекемеңіз?	Арнайы бала бақша	222	12,5%
	Арнайы мектеп	795	44,6%
	Оңалту орталықтары	113	6,3%
	Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері	653	36,6%
Жұмыс барысында кездесетін мәселелер?	Біліктілікті көтеруге арналған курстардың тапшылығы	439	25,2%
	Біліктілікті арттыру барысындағы қиындықтар	214	12,3%
	Зияты зақымдалған балалармен жұмыс тәсілдері туралы мағлұматтың аздығы	364	20,41%
	Балалармен жұмыс барысында қолдануға арналған әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі	659	37,8%
	Басқа мәселелер	107	6 %
Қай категориядағы балалармен жұмыс істейсіз?	Зияты жеңіл зақымдалған	744	41,7%
	Зияты орташа зақымдалған	756	43,7%
	Зияты ауыр зақымдалған	283	16,3%
Жұмыс барысында қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?	Монтесорри әдісі	523	29,8%
	PECS әдісі	98	5,6%
	Сенсорлық интеграция	576	32,9%
	Саз балшықпен жұмыс	63	3,6%
	АКТ жұмысы	191	10,9%
	Басқа әдістер	322	18,1%
Зияты зақымдалған балалармен жұмыста қарым-қатынастың балама және қосымша құралдары қажет пе?	Иә	1719	96,41%
	Жоқ	64	3,7%
Балама және қосымша қарым-қатынас құралдарын жұмыс барысында қолдану туралы біліктілікті арттыру курстары қажет пе?	Иә	1720	96,46%
	Жоқ	63	(3,6%)
Қандай тақырыпта курстар өткізіз келеді?	Арнайы білім мекемелерінің жұмыс ерекшеліктері туралы	533	(30,1%)
	Зияты зақымдалған балалармен жұмыс барысында қолданылатын әдістер жайлы	552	30,95%
	Инновациялық әдістер жайлы	441	24,9%
	Қайта даярлау курстары үнемі қажет	179	10,1%
	Басқа курстар	78	4,37%
Қандай тақырыпта курстар өткізіз келеді?	Арнайы білім мекемелерінің жұмыс ерекшеліктері туралы	439	25,2%
	Зияты зақымдалған балалармен жұмыс	252	14,13%

	барысында қолданылатын әдістер жайлы		
	Инновациялық әдістер жайлы	326	18,7%
	Қайта даярлау курстары қажет	659	37,8%
	Басқа курстар	107	6.00%

Зерттеу барысында кездесетін мәселелер яғни зерттеу барысында мамандардың кәсіби қызметінде бірқатар кедергілер бар екені анықталды. Ең көп таралған мәселе – әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі (37,8%). Бұл көрсеткіштер арнайы педагогтардың практикалық жұмыста теориялық білімді жеткілікті деңгейде қолдана алмауына және дайын материалдардың аздығы байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге, 25,2%-ы біліктілікті көтеруге арналған курстардың тапшылығын атап өтті, ал 20,41%-ы зияты зақымдалған балалармен жұмыс тәсілдері бойынша ақпараттың жеткіліксіздігін атап көрсетті. Мұндай қиындықтар педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде дамыту қажеттілігін дәлелдейді.

Сауалнамаға қатысушылардың 43,7%-ы зияты орташа зақымдалған балалармен, 41,7%-ы жеңіл деңгейдегі оқушылармен жұмыс істейтінін, ал 16,3%-ы ауыр зақымдалған балалармен жұмыс жасайтынын көрсетті. Бұл мәліметтер арнайы педагогтардың көпшілігі зиятында жеңіл және орташа бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуге бейімделгенін айғақтайды.

Зерттеу барысында мамандардың 32,9% тәжірибесінде сенсорлық интеграция әдісі ең жиі қолданылатыны байқалады. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 29,8% М.Монтессори әдісін қолданушылардың үлесі де біршама, 10,9% АКТ-ны пайдаланса ал 18,1% баламалы әдістердің енгізілуі мұғалімдердің инновациялық тәсілдерге қызығушылығының бар екенін білдіреді. Алайда PECS әдісін қолданушылардың 5,6% үлесі өте төмен, бұл коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған әдістерді енгізуде әлі де олқылықтар бар екенін көрсетіп отыр.

Бұл сауалнамаға қатысқан мамандардың басым көпшілігі 96,41%-ы зияты зақымдалған балалармен жұмыста балама және қосымша қарым-қатынас құралдарының қажет екенін атап кетті. Дәл осындай көрсеткіш мамандардың 96,46% біліктілікті арттыру курстары арқылы бұл бағыттағы кәсіби дағдыларды жетілдірудің қажеттігінің көрсеткішін көрсетті. Бұл зерттеуде алынып отырған деректерде педагогтардың заманауи технологиялар мен қосымша коммуникация құралдарын меңгеруге жоғары сұранысы бар екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесінде мамандардың кәсіби сұраныстары әртүрлі бағыттарды қамтыды. Педагогтардың 30,95%-ы зияты зақымдалған балалармен жұмыс әдістері бойынша курстарды қажет деп тапса, 30,1%-ы арнайы білім беру мекемелерінің жұмыс ерекшеліктеріне қызығушылық танытты. Сонымен қатар сауалнамада инновациялық әдістерді меңгеруге сұраныс сауалнамаға қатысушылардың көрсетуінше 24,9% жоғары екені анықталды. Ал қайта даярлау курстарының қажеттілігінің 10,1% көрсеткішпен ерекшеленді. Бұл сауалнамада мәліметтер педагогтардың кәсіби білімін үздіксіз жетілдіру қажеттілігін айқын көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер арнайы педагогика саласында жүйелі кәсіби қолдау мен үздіксіз білім жетілдірудің маңыздылығын тағы бір рет дәлелдеді. Сауалнамада көрсеткендей әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі мен инновациялық әдістерді енгізудегі қиындықтар білім беру жүйесінде ресурстық орталықтарды күшейтуді, оқу-әдістемелік базаны жаңартуды талап етеді. Сонымен қатар, педагогтардың басым бөлігі зиятында жеңіл және орташа деңгейде зақымдалған балалармен жұмыс істейтіндіктен, дәл осы санатқа арналған әдістемелерді жетілдіру аса өзекті болып отыр.

Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы бойынша, баланың дамуы әлеуметтік ортамен тікелей байланысты деп мәлімдеді[12]. Осы тұрғыда зерттеу нәтижелері

педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналар мен әлеуметтік серіктестердің қатысуын қамтамасыз ету арқылы ғана балалардың әлеуметтенуін тиімді ұйымдастыруға болатынын айғақтайды.

Қорытынды. Осы жүргізілген сауалнама бойынша зерттеу арнайы білім беру мекемелерінде, түзету орталықтарында және инклюзивті жағдайларда еңбек ететін мамандардың кәсіби тәжірибесі мен негізгі сұраныстарын анықтауға мүмкіндік берді. Эмпирикалық деректер мамандардың кәсіби қызметінде кездесетін басты мәселелердің қатарында әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі, біліктілікті арттыру курстарының тапшылығы және зияты зақымдалған балалармен жұмыс әдістері туралы ақпараттың жеткіліксіздігін көрсетті. Бұл жағдай педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жүйелі қолдау мен үздіксіз дамыту қажеттілігін айқын мәлімдейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мамандардың басым бөлігі зиятында жеңіл және орташа деңгейдегі балалармен жұмыс жасайды. Осыған байланысты дәл осы санатқа бейімделген әдіс-тәсілдерді жетілдіру, педагогикалық қолдау жүйесін күшейту ерекше маңызға ие. Қолданылатын әдістер ішінде сенсорлық интеграция мен М.Монтессори тәсілдерінің кеңінен таралуы практикалық тәжірибеде тиімділігін көрсетсе, PECS әдісінің төмен қолданылуы коммуникация дағдыларын дамытуда қосымша жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Мамандардың 96%-дан астамы балама және қосымша қарым-қатынас құралдарының қажеттілігін атап өткендіктен, бұл бағыттағы кәсіби курстарды кеңейту өзекті болып отыр. Сонымен бірге, біліктілікті арттыру тақырыптары бойынша сұраныс кәсіби бағдарланған курстарды, инновациялық әдістерді меңгеруді және арнайы білім беру мекемелерінің ерекшеліктерін тереңдетіп оқытуды талап ететінін көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері арнайы педагогикадағы тиімді модель тек педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыруды ғана емес, сонымен бірге ата-аналар мен әлеуметтік серіктестердің өзара ықпалдастығын қамтамасыз етуді қажет ететінін айғақтайды. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы негізінде алынған деректер баланың әлеуметтенуінде әлеуметтік ортаның шешуші рөлін тағы бір рет дәлелдеді.

Осылайша, арнайы білім беру жүйесінде кадрларды даярлау мен қайта даярлау ісін жүйелеу, әдістемелік базаны нығайту және инновациялық тәсілдерді ендіру – зияты зақымдалған балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, олардың әлеуметтенуіне және қоғамға бейімделуіне ықпал ететін маңызды бағыттар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Kauffman, James M^a; Hung, Li-Yu^b. Special education for intellectual disability: current trends and perspectives. *Current Opinion in Psychiatry* 22(5):p 452-456, September 2009. | DOI: 10.1097/YCO.0b013e32832eb5c3
2. Thompson, J. R., & Walker, V. L. (2018). Introduction to the special issue: Educating people with intellectual disability and related developmental disability. *Intellectual and Developmental Disabilities*, 56(6), 393–395. <https://doi.org/10.1352/1934-9556-56.6.393>
3. Bani Odeh K, Lach LM. Препятствия на пути к образованию детей с инвалидностью во всем мире и факторы, способствующие его получению: описательный обзор. Фронт общественного здравоохранения. 2024 Янв 16;11:1294849. DOI: DOI: [10.3389/fpubh.2023.1294849](https://doi.org/10.3389/fpubh.2023.1294849) PMID: 38292375; PMCID: PMC10824976.
4. Alharbi, H., & Iqtadar, S. (2024). 'I never feel like I am prepared enough': Teachers' self-efficacy, challenges and experiences teaching students with disabilities. *British Journal of Special Education*. Advance online publication. <https://doi.org/10.1111/1471-3802.12666>
5. McGrew, J., Ruble, L., Cormier, C. J., & Dueber, D. (2023). Special educators' mental health and burnout: A comparison of general and teacher specific risk factors. *Teaching and Teacher Education*, 132, 104209. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2023.104209>
6. Oad, L. (2023). Journey of inclusive education: Exploring its evolution and future perspectives. *Spry Journal of Literature and Linguistics*, 1(1). Benazir Bhutto Shaheed University Lyari.

7. Allam, F. C., & Martin, M. M. (2021). Issues and challenges in special education: A qualitative analysis from teacher's perspective. *Southeast Asia Early Childhood Journal*, 10(1), 37-49. <https://doi.org/10.37134/saecj.vol10.1.4.2021>
8. Pérez-Valverde, C., Ruiz-Cecilia, R., Medina-Sánchez, L., & Guijarro-Ojeda, J. R. (2021). Coping with Challenges in Teaching Foreign Languages to Children with Mild Intellectual Disabilities: Stakeholders' Perspectives. *Mathematics*, 9(8), 906. <https://doi.org/10.3390/math9080906>
9. Намазбаева. Ж. И. . Некоторые особенности личности учащихся вспомогательной школы : метод. пособие / Ж. И. Намазбаева. - Алматы : КазПИ, 1985. - 71 с.
10. Абаева. Ғ,Ә « Арнайы педагогика және психология негіздері. Оқу құралы-Алматы, 2014 ж .
11. Айтбаева. А.Б « Арнайы педагогика негіздері»: Оқу құралы. Алматы : Нур-Принт 2014 ж .
12. Выготский, Л. С. Психология развития человека / Л. С. Выготский. - М. : Эксмо, 2004. - 1136 с. - ("Библиотека всемирной психологии"). - ISBN 5-699-02553-7

УДК 796.015.47
МРНТИ 13.00.08

Рустембекова Ж.Б. ¹, Кабдырова А.А. ²,

*¹7M01902- “Арнайы педагогика: Аутистік спектрі бұзылған балаларды қолдау”
мамандығының 2 курс магистрі, rustembekova.03@bk.ru*

²PhD, аға оқытушы, Kabdyrova.ainur1@qyzpu.edu.kz

*^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ МОТОРИКАСЫН ДАМУДАҒЫ БЕЙІМДЕЛГЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада аутизм спектрі бұзылған (АСБ) балалардың жалпы моторикасын дамытудағы бейімделген дене шынықтырудың рөлі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі аутизм спектрі бұзылған балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігінің шектеулі болуы мен әлеуметтік бейімделу дағдыларының жеткіліксіздігіне байланысты анықталады. Мақалада бейімделген дене шынықтыру әдістерінің моторлық функцияларды жетілдірудегі тиімділігі талданады, сондай-ақ шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Атап айтқанда, халықаралық зерттеулерде қолданылған қимыл-қозғалыс жаттығуларының сенсорлық интеграцияға, тепе-теңдікке және үйлестіруге оң әсер ететіні көрсетілсе, қазақстандық тәжірибеде ұлттық ойын элементтерін пайдалану мен топтық жаттығулардың әлеуметтік бейімделуге ықпал ететіні айқындалады.

Мақалада бейімделген дене шынықтыруға қатысты ата-аналар мен педагогтердің көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілгені баяндалады. Сауалнама нәтижесінде қатысушылардың басым көпшілігі ұлттық ойындарды қолдану балалардың моторлық белсенділігін, эмоциялық көңіл-күйін және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Жалпы алғанда, педагогтер мен ата-аналардың 88%-ы қазақ ұлттық ойындарын бейімделген дене шынықтыру бағдарламаларына тұрақты енгізуді қолдайтынын көрсетті. Бұл зерттеу нәтижелері ұлттық мәдениетке негізделген тәсілдің АСБ балаларды оңалту және әлеуметтік бейімдеу саласында тиімді екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында бейімделген дене шынықтыруды тиімді қолдануға мүмкіндік туғызады.

Кілттік сөздер: аутизм спектрінің бұзылысы, бейімделген дене шынықтыру, сенсорлық интеграция, инклюзивті білім беру.

Рустембекова Ж. Б. ¹, Кабдырова А. А. ²,

¹магистр 2 курса специальности 7M01902 – “Специальная педагогика: поддержка детей с расстройствами аутистического спектра”, rustembekova.03@bk.ru

²Phd, старший преподаватель, Kabdyrova.ainurl@qyzpu.edu.kz
^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ АДАПТИВНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В РАЗВИТИИ КРУПНОЙ МОТОРИКИ У ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Аннотация. В этой статье рассматривается роль адаптивной физической культуры в развитии крупной моторики у детей с расстройствами аутистического спектра (рас). Актуальность исследования определяется ограниченностью двигательной активности и недостаточностью навыков социальной адаптации у детей с расстройствами аутистического спектра. В статье анализируется эффективность адаптированных методов физической культуры в совершенствовании двигательных функций, а также дается обзор работ зарубежных и отечественных ученых. В частности, показано, что двигательные упражнения, применяемые в международных исследованиях, оказывают положительное влияние на сенсорную интеграцию, равновесие и координацию, в казахстанской практике определяется использование элементов национальной игры и групповых упражнений, способствующих социальной адаптации.

В статье отмечается, что проведено анкетирование с целью определения отношения родителей и педагогов к адаптивной физической культуре. В результате опроса подавляющее большинство участников отметили, что использование национальных игр играет важную роль в развитии двигательной активности, эмоционального настроения и коммуникативных навыков детей. В целом, 88% педагогов и родителей выразили поддержку устойчивому внедрению казахских национальных игр в адаптированные программы физической культуры. Результаты этого исследования доказывают, что подход, основанный на национальной культуре, эффективен в области реабилитации и социальной адаптации детей с РАС.

Результаты исследования позволяют эффективно применять адаптивную физическую культуру в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: расстройство аутистического спектра, адаптивное физическое воспитание, сенсорная интеграция, инклюзивное образование.

Rustembekova J. B.¹, Kabdyrova A. A.²,

¹Master of the 2nd year of specialty 7M01902 – “Special pedagogy: support for children with autism spectrum disorders”, rustembekova.03@bk.ru

²Phd, Senior lecturer, Kabdyrova.ainurl@qyzpu.edu.kz

^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF ADAPTIVE PHYSICAL CULTURE IN THE DEVELOPMENT OF GROSS MOTOR SKILLS IN CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS

Abstract. This article discusses the role of adaptive physical culture in the development of gross motor skills in children with autism spectrum disorders (ASB). The relevance of the study is determined by the fact that children with autism spectrum disorders have limited motor activity and insufficient social adaptation skills. The article analyzes the effectiveness of Adapted Physical Culture Methods in improving motor functions, as well as reviews of the works of foreign and domestic scientists. In particular, it is shown that motor exercises used in international studies have a positive effect on sensory integration, balance and coordination, and in Kazakhstan practice it is revealed that the use of elements of the national game and group exercises contribute to social adaptation.

The article reports that a survey was conducted to determine the attitude of parents and teachers to Adapted Physical Culture. As a result the survey, the vast majority of participants noted that the use of National Games plays an important role in the development of children's motor activity, emotional mood and communication skills. In general, 88% of teachers and parents support the regular introduction of the Kazakh National Games in Adapted Physical Education Programs. The results of this study prove that a national culture-based approach is effective in the field of rehabilitation and social adaptation of children with ASD.

The results of the study make it possible to effectively apply adaptive physical culture in the context of inclusive education.

Key words: autism spectrum disorder, adaptive physical education, sensory integration, inclusive education.

Кіріспе. Физикалық жаттығулар баланың негізгі іс-қимылының қалыптасуына, физикалық қасиеттерінің, координациялық қабілеттерінің дамуына көмектеседі.

Көптеген авторлардың зерттеулеріне сүйенсек, физикалық белсенділікке балалардың сауатты түрде араласуы олардың коммуникативтік, қозғалыс дағдыларына және әлеуметтік қарым-қатынас қабілеттеріне де оң әсерін тигізеді. Түзету жұмыстарында қолданылатын бейімделген дене шынықтыру жалпы мүмкіндігі шектеулі балалардың, соның ішінде АСБ балалардың әлеуметтік бейімделуі мен моторлық жүйедегі кемшіліктерді жоюға бағытталады (Bhat, 2021: 217; Jin Y. 2023). АСБ балаларға арналған көптеген бағдарламалар психологиялық бейімділігіне немесе физикалық жай-күйін жақсартуға арналған. Психикалық және физикалық бағдарламалар қатар жүрмейді. Қалыпты дамудағы балалардың психикалық, физикалық денсаулықтарының арасында айтарлықтай байланыс болады. Алайда АСБ - бұл танымдық функциялардың біркелкі қалыптаспауымен, эмоционалды-мінез-құлық саласының ерекшеліктерімен, сондай-ақ сөйлеу мен интеллекттің бұзылуымен сипатталатын атипті психикалық дамудың ерекше түрі (Аншукова Н. 2025).

Сондықтан, аутизм спектрі бұзылған (АСБ) балалардың моторлық дағдылары мен қозғалыс үйлесімділігі дамуда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне, оқу процесіне және жалпы өмір сапасына кері әсер етеді. Шетелдік ғалымдар бейімделген дене шынықтыру бағдарламалары қимыл-қозғалыс дағдыларын, тепе-теңдікті және жалпы моториканы жақсартатынын дәлелдеген. Қазақстандық зерттеулерде ұлттық ойын элементтерін енгізудің балалардың белсенділігін арттыруға оң ықпалы көрсетіледі. Дегенмен, бұл бағыттағы кешенді зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осыған байланысты тақырыптың көкейкестілігі артып отыр.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу 2025 жылы жүргізілді және аналитикалық шолу сипатына ие. Контент-талдау әдісімен ашық дереккөздерде жарияланған бірнеше ғылыми зерттеулердің материалдары, оның ішінде мерзімді басылымдар мен электрондық деректер базасы (соның ішінде eLibrary.ru, cyberleninka.ru, researchgate.net, sciencedirect.com) талданды. Қарастырылған жұмыстар аутизм спектрі бұзылған балаларда жалпы моториканы, когнитивті саланы және әлеуметтік дағдыларды дамытуға бейімделетін дене шынықтырудың әсеріне арналды. Шолуға рандомизацияланған бақыланатын сынақ критерийлеріне сәйкес келетін және жоғары практикалық маңызы бар зерттеулер кірді. Рандомизация әдістері туралы деректер немесе АСБ балалардың моторлық және когнитивті даму динамикасының объективті көрсеткіштері болмаған жұмыстар талдаудан алынып тасталды.

Шетелдік еңбектерден қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру әдістері мен құрылымдалған бағдарламалардың тиімділігіне басымдық берілсе, отандық әдебиеттерде ұлттық ойындар элементтерін қолдану тәжірибесі көбірек қарастырылды.

Нәтижелер АСБ балалардың моторикасын дамыту мотор, когнитивтік және әлеуметтік функциялар арасындағы байланысты үйлестіруге ықпал ететінін көрсетті. Адаптивті дене шынықтыру моториканы да, жалпы моториканы да жақсарта отырып, жүйелі түрде жаттығу

жасауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде коммуникативті және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға оң әсер етеді.

Сонымен қатар, АСБ балаларға арналған Алматы қаласындағы “Росток” оңалту орталығында қосымша дерек жинау мақсатында шағын сауалнама жүргізу көзделді. Сауалнамаға ата-аналар мен арнайы педагогтер қатысты. Сұрақтар бейімделген дене шынықтырудың тиімділігі, ұлттық ойындардың маңызы, балалардың белсенділігін арттыру жолдарына бағытталды. Барлығы 10 сұрақтан тұратын сауалнама ата-аналар мен педагогтердің тәжірибелік көзқарастарын анықтау үшін қолданылды.

АСБ балалардағы қозғалыстың бұзылысы. АСБ балаларда қозғалыс дағдыларының дамуы жиі тежеледі немесе сапалық тұрғыда өзгеше қалыптасады. Мұндай балалардың көпшілігінде ірі және ұсақ моторика бұзылыстары, қозғалыс координациясының әлсіздігі және дене схемасын қабылдау қиындығы байқалады. Bhat және әріптестері (2021) жүргізген кең ауқымды зерттеуінде (SPARK деректер базасы негізінде, $n = 13\,887$) АСБ балалардың моторлық бұзылыстарының әлеуметтік-коммуникативтік, когнитивтік және функционалдық шектеулермен, сондай-ақ қайталанатын мінез-құлықтың (стереотипті қимылдардың) ауырлығымен тығыз байланысты екені анықталған. Зерттеуде Developmental Coordination Disorder Questionnaire (DCD-Q) арқылы қозғалыс дағдылары, Social Communication Questionnaire (SCQ) арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесу деңгейі, ал Repetitive Behaviors Scale – Revised (RBS-R) көмегімен қайталанатын мінез-құлық жиілігі бағаланған.

Нәтижелер бойынша, АСБ балалардың 88,2%-ында моторлық бұзылыстар қауіпі анықталды, бұл көрсеткіш қалыпты дамып келе жатқан балаларға қарағанда 22,2 есе жоғары болған. Сонымен қатар, әлеуметтік және когнитивтік даму бұзылыстары айқын болған сайын, ірі және ұсақ моторикадағы қиындықтар да арта түскен.

Авторлар қозғалыс бұзылыстарының АСБ құрылымындағы маңызды рөлін атап өтіп, оларды диагностикалық критерийлерге қосу немесе кем дегенде «ерекшелеуші белгі» (спецификатор) ретінде қарастыруды ұсынады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері ерте жастағы балалармен жұмыс барысында моторикаға бағытталған түзету және бейімдеу жаттығуларының маңызын арттырып, бейімделген дене шынықтыруды кешенді оңалту бағдарламаларына енгізудің қажеттілігін дәлелдейді (Bhat A. 2021:218).

АСБ балалардың қозғалысы жалпы қозғалыс дағдыларының дефицитімен сипатталады, сондықтан олар көбінесе бірқалыпты қимылдап, жүрістері өзгеріп, атаксикалық қимылдар көрсетіп, координациялық қабілеттіліктерінің бұзылуын айқындайды. 2024 жылғы Date, Munn, Frey зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша аутизм кезіндегі қозғалыс мәселесі постуралдық бақылау жүйесінің бұзылуымен сипатталады, мысалы тұрақтылықтың бұзылуы, бұлшық ет тонусының ерекшеліктері т.с.с. және олар тіреу-қимыл жүйесінің кез келген бөлігіне әсер ете алады (Date S. 2024:).

АСБ балалардың және ересектердің клиникалық ерекшеліктерінің бірі стереотипті қозғалыстар мен әрекеттер. Бұл мәлімдемені жасау үшін ғалымдар қазіргі нейрофизиологиялық деректерді талдай отырып, мұндай қимылдардың ми ырғағымен, сенсорлық өңдеумен және зейінмен қандай байланысы бар екенін анықтауға тырысқан. Авторлар стереотиптік қимылдар мидың сенсорлық сигналдарды тұрақтандыруына және күтілген мен нақты әсерлер арасындағы айырмашылықты азайтуына көмектесетін реттеуші тетік болуы мүмкін деген болжам ұсынады.

Зерттеу әдістері ретінде функционалды МРТ, ЭЭГ және мінез-құлықтық бақылау деректері пайдаланылған. Бұл әдістер аутизмі бар балалар мен ересектердің қозғалыс ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік берді. Мақалада қозғалыс стереотиптерінің жиілігі, амплитудасы мен ырғақтылығы сияқты аспектілер әлі де аз зерттелгені атап өтіледі.

Зерттеу нәтижесінде авторлар стереотиптерді тек патологиялық құбылыс деп қарастыру дұрыс емес деген қорытындыға келді. Керісінше, олар бейімделуші механизм ретінде сенсорлық интеграция мен зейіннің тұрақтануына көмектесуі мүмкін. Авторлар болашақта

киілетін сенсорлар мен бейнеанализ технологияларын пайдалана отырып, АСБ балалардың моторлық ерекшеліктерін неғұрлым дәл бағалау қажеттігін ұсынады (McCarty M., Brumback A. 2021: 1-5).

АСБ балалардағы стереотиптік және қайталанатын қозғалыстарды түзету бейімделген дене шынықтыру бойынша арнайы құрылымдалған сабақтар форматында жүргізіледі. Бұл үдерісте жаңа, функционалды мотор үлгілерін қалыптастыру арқылы баланың қозғалыс белсенділігін қайта бағыттауға көмектесетін мотор және ойын жаттығуларының кешені қолданылады. Ойын, спорттық жабдықтармен өзара әрекеттесу және мотор импровизациясы арқылы монотонды қозғалыстардың ауырлығы төмендейді және денені ерікті бақылау деңгейі жоғарылайды. Ғылыми дәлелдер АСБ балаларда жүру және жүгіру кезінде моторды үйлестіру және қозғалыс биомеханикасының нормотиптік құрдастарынан ерекшеленетін ерекшеліктері бар екенін растайды. Мысалы, Эмили Бремер мен Меган Ллойд (2021) тарапынан жүргізілген зерттеу жұмысында аутизм спектрі бұзылған мектепке дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын дамытуға бағытталған 12 апталық интервенцияның тиімділігін зерттеуге арналған.

Зерттеуге 3–5 жас аралығындағы 27 бала қатысқан. Балалар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (қозғалыс дағдылары бойынша арнайы сабақтар алғандар) және бақылау тобы (әдеттегі режимде болғандар). Бағалау интервенция басталар алдында және аяқталғаннан кейін жүргізілді.

Интервенция барысында балалар жүгіру, секіру, лақтыру, ұстау, тепкілеу, тепе-теңдік сақтау сияқты 12 негізгі қозғалыс дағдысын үйренді. Әр сабақ ойын элементтерін қамтыды және 2 сағаттан аптасына екі рет өткізілді.

Нәтижелер бойынша, эксперименттік топтағы балалардың жалпы моторика деңгейі айтарлықтай жақсарған. Зерттеу көрсеткендей, қозғалыс дағдыларын дамытудағы жетістік баланың бейімделу мінез-құлқының жоғары болуына және эмоционалды- мінездік қиындықтарының төмен болуына байланысты болды. Яғни, бастапқыда икемделу қабілеті жақсы және мінездік қиындықтары аз балалар интервенциядан көбірек пайда көрген.

Бұл зерттеу бейімделген дене шынықтыру бағдарламаларының тиімділігін дәлелдеп, әр баланың жеке психоэмоциялық ерекшеліктерін ескере отырып, индивидуалды тәсілді қолданудың маңызын көрсетеді (Bremer E., Lloyd M. 2021: 2030).

Тағы бір зерттеу жұмысында мектепке дейінгі жастағы аутизм спектрі бұзылған (АСБ) балалардың көру-моторлық координациясының дамуы қарастырылған. Зерттеудің мақсаты АСБ балалардың көру-моторлық координациясының ерекшеліктерін анықтап, оны дамытуға бағытталған түзету бағдарламасын жасау және сынақтан өткізу болған.

Экспериментке 7–7,5 жастағы 20 бала (10 – АСБ, 10 – қалыпты дамыған) қатысты. Диагностика үшін бірнеше әдістеме қолданылған: Л. Бендердің гештальт-тесті, «Жолдар» әдістемесі (Венгер), «Қоршау» және «Нысанаға дәл тию» тапсырмалары. Алынған нәтижелер бойынша, АСБ балаларда қимыл үйлесімсіздігі, көру бақылауының әлсіздігі, қол қимылдарының дәл еместігі және көз–қол жүйесінің үйлесімсіздігі байқалған. Арнайы әзірленген бағдарлама жүйелі түрде қолданылғаннан кейін бұл балалардың көру-моторлық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарған. Олар затқа назарын тұрақтырақ ұстап, қозғалыстарын дәл үйлестіре бастаған, карандашты сенімді ұстау және нысананы қайталау қабілеті артқан.

Зерттеу нәтижесінде автор АСБ балаларда көру-моторлық координацияның даму деңгейі әрқелкі, бірақ арнайы түзету жаттығулары оны едәуір жақсартатынын дәлелдеген (Солодовник О. 2022, с. 10-11).

АСБ балалардағы когнитивтік бұзылыстар. АСБ балалардың когнитивтік дамуы қазіргі педагогика мен нейропсихология саласында ең өзекті зерттеу бағыттарының бірі болып отыр. Когнитивтік функциялар - ойлау, зейін, қабылдау, есте сақтау және тілдік даму - баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін негізгі психикалық процестер болып табылады. Алайда АСБ балаларда бұл функциялардың дамуында айқын

теңгерімсіздік байқалады: кейбір танымдық қабілеттер сақталғанымен, басқа процестердің тежелуі немесе бұзылуы жиі кездеседі.

Ғалымдар (Мельников Е. 2023: 55, Солодовник О. 2022:11) атап өткендей, мұндай балалардың басым бөлігінде сенсорлық ақпаратты өңдеу ерекшеліктері байқалады, бұл олардың зейінін шоғырландыруға, сөйлеу және оқу дағдыларын меңгеруге кедергі келтіреді. Сондай-ақ эмоциялық және когнитивтік процестердің өзара байланысының әлсіздігі баланың әлеуметтік бейімделуін қиындатады.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеулерде бейімделген дене шынықтыру мен қозғалыс белсенділігінің когнитивтік дамуға оң әсер ететіні дәлелденген. Қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы бала кеңістіктік ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін және назар тұрақтылығын жетілдіреді.

Қытайдың Гуанчжоу университеті мен Нанкин педагогикалық университетінің Suárez-Manzano бастаған ғалымдар тобы 2024 жылы осы мәселеге қатысты зерттеу жұмысын ұсынған еді (Systematic review of intervention studies). Бұл зерттеу 2010–2023 жылдар аралығында жарық көрген 19 интервенциялық жұмысты қамтып, жаттығулардың ұзақтығы, құрылымы және қарқындылығына байланысты нәтижелерін салыстырған. Авторлар қысқа мерзімді физикалық жаттығулар когнитивтік және мінез-құлықтық көрсеткіштерге уақытша оң әсер беретінін, ал ұзақ мерзімді бағдарламаларда (апталық не айлық циклдер) бұл әсердің тұрақтана түсетінін анықтады. Сонымен қатар, қозғалыс дағдыларын жетілдіру кезінде когнитивтік функциялардың да ілесе дамитыны байқалған. Алайда кей зерттеулерде моторлық көрсеткіштердің тұрақты жақсаруы дәлелденбеген, бұл интервенциялардың мазмұны мен бағалау тәсілдерінің әркелкілігімен түсіндіріледі (Suárez-Manzano S., Ruiz-Ariza A. 2024: 331).

Канада мен АҚШ ғалымдарының (Торонто университеті мен Иллинойс университеті) бірлескен жобасында физикалық белсенділіктің атқарушылық функцияларға (жұмыс жады, когнитивтік икемділік, тежелу қабілеті) әсері қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде тұрақты физикалық жүктемелердің атқарушылық функцияларға шағыннан орташа деңгейге дейін оң әсер ететіні дәлелденген. Әсіресе когнитивтік икемділік пен өзін-өзі тежеу қабілеті компоненттері жақсарған, ал жұмыс жады бойынша статистикалық тұрғыдан сенімді айырмашылықтар байқалмаған (Liang X., Li R. 2022: 80).

Авторлар қолданылған әдістемелердің айырмашылығын, зерттеу топтарының шағын болуын және интервенция сипаттарының стандартталмауын нәтижелердің әркелкілігінің негізгі себебі ретінде келтіреді. Соған қарамастан, зерттеулердің басым бөлігі физикалық белсенділіктің когнитивтік және мінез-құлықтық процестерді дамытудағы маңызын растайды. Мұндай деректер бейімделген дене шынықтыру бағдарламаларын құруда, әсіресе АСБ балалардың жалпы моторикасын және әлеуметтік өзара әрекетін дамытуда, маңызды ғылыми және практикалық негіз болып табылады.

Нәтижелер және талдау

Жүргізілген әдеби шолу бейімделген дене шынықтырудың АСБ балалардың жалпы моторикасын дамытуда тиімді құрал екендігін көрсетті. Шетелдік зерттеулер қимыл-қозғалыс бағдарламалары тепе-теңдікті, үйлестіру қабілетін және сенсорлық интеграцияны жақсартатынын дәлелдесе, қазақстандық еңбектер ұлттық ойындардың балалардың белсенділігін арттырумен қатар әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал ететінін айқындады. Жүйелі дене шынықтыру жаттығулары тек моторлық даму ғана емес, сонымен бірге психоэмоционалдық бейімделу үшін де маңызды.

Бейімделген дене шынықтыру элементтерін АСБ балалардың когнитивті және қимыл қозғалыс дамуында пайдалану. Бейімделген дене шынықтырудың түрлі бағыттары - қозғалыс белсенділігі мен когнитивтік даму арасындағы өзара байланысты нығайтудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Әдебиет көздерін талдау көрсеткендей, бейімделген қозғалыс рекреациясы, музыкалық-ырғақтық және шығармашылық дене тәжірибелері,

сондай-ақ жануарлармен өзара әрекетке негізделген терапиялық тәсілдер (иппотерапия, дельфинотерапия, канистерапия және т.б.) АСБ балалардың жалпы моторикасын, тепе-теңдігін, қозғалыс үйлесімділігін және әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын едәуір жақсартады.

Мұндай сабақтар барысында бала өз әрекетінің салдарын бақылап, жауап реакцияларын байқай отырып, себеп-салдарлық байланыстарды үйренеді. Бұл, өз кезегінде, сенсорлық және когнитивтік реттелуді қалыптастыруға, эмоциялық жауаптылық пен қарым-қатынас қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Жануарлармен және нұсқаушымен орнайтын сенім атмосферасы баланың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді, ал қозғалыс жаттығулары оның кеңістіктік бағдарлануы мен қимыл нақтылығын дамытады.

Музыкалық терапия мен ритмопластика элементтерін қолдану арқылы өткізілетін бейімделген дене жаттығулары да айтарлықтай тиімділік көрсетеді. Ритмикалық, сөйлеу-қимыл және саусақ моторикасына арналған ойындар балалардың ұсақ және ірі қозғалыс үйлесімділігін жетілдіреді, қимыл стереотиптерін түзетеді және эмоционалдық өрнек құралдарын кеңейтеді. Мұндай сабақтар балаларға өз эмоцияларын білдіруге, өзгелердің сезімін түсінуге және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін меңгеруге үйретеді.

Зерттеулер көрсеткендей, адаптивті дене шынықтырудың кешенді тәсілдері қозғалыс дағдыларын қалыптастырумен қатар, когнитивтік және коммуникативтік процестерді де белсендіреді. Балалардың назарын шоғырландыру, есте сақтау, зейін мен жоспарлау қабілеттері жетіледі, бұл өз кезегінде оқудағы және күнделікті әрекеттердегі табыстылыққа оң әсер етеді (Мархотина И.Н. 2019: 26).

Сабақтардың форматы мен құрылымы баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес іріктелуі тиіс: кейбір балалар үшін жұппен немесе шағын топпен жұмыс істеу тиімді болса, басқалары үшін жеке бағдарлама психологиялық тұрғыда ыңғайлырақ. Дегенмен, біртіндеп топтық әрекетке көшу - әлеуметтік интеграция мен өзара қолдаудың табиғи тетігі ретінде маңызды.

Қорыта айтқанда, бейімделген дене шынықтыру бағыттары - қозғалыс, когнитивтік және әлеуметтік даму элементтерін біріктіретін көпаспектілі түзету жүйесі болып табылады. Мұндай бағдарламалар жүйелі түрде жүргізілгенде, АСБ балалардың моторикасы, танымдық қабілеттері мен әлеуметтік өзара әрекет дағдылары кешенді түрде дамиды, ал олардың физикалық және психоэмоциялық жағдайы тұрақтанады.

Қазақ ұлттық ойыны АСБ балалардың моторлық және когнитивтік қабілеттерін дамытуға арналған құрал ретінде. Қазақ ұлттық ойындары – халықтың мәдени және рухани мұрасының ажырамас бөлігі, сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін педагогикалық құрал болып табылады. Ұлттық ойындар тек қана дене белсенділігін дамытумен шектелмей, когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған. Соңғы жылдары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму процесінде дәстүрлі және мәдени бағыттағы әдістерді қолдану мәселесіне ерекше назар аударылуда. АСБ балалардың негізгі даму ерекшелігі – сенсорлық қабылдаудың бұзылысы, әлеуметтік өзара әрекеттесудің шектеулілігі және моторлық координацияның әлсіздігі. Мұндай балалардың когнитивтік және қозғалыстық белсенділігін дамыту үшін құрылымы айқын, қайталануға негізделген және визуалды-тактильдік қолдау элементтері бар педагогикалық тәсілдер тиімді болып саналады. Осы тұрғыда қазақтың ұлттық ойындарын бейімдеп пайдалану АСБ балалардың танымдық және моторлық қабілеттерін жетілдіруде ерекше маңызға ие. Ұлттық ойындардың мазмұны мен құрылымы баланың табиғи қажеттіліктеріне сай келеді. Мысалы, «Асық ату» ойыны ұсақ моториканы, көз-қол координациясын және бағыт сезімін дамытады. «Ақ серек – көк серек» ойыны әлеуметтік қарым-қатынас пен эмоциялық реттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал «Теңге ілу», «Арқан тарту» сияқты қозғалысқа негізделген ойындар ірі моториканы жетілдіріп, кеңістіктік бағдар мен дене тепе-теңдігін дамытады. Ұлттық ойындарды АСБ балалармен жұмыс барысында қолдану олардың сенсорлық және когнитивтік процестерін

белсендіреді. Ойын жағдайында бала назарын шоғырландырып, әрекеттерін жоспарлауға, қимыл-қозғалыстарды үйлестіруге және нәтижеге бағытталуға үйренеді. Сонымен қатар ойын барысында бала эмоциялық тәжірибе жинақтап, әлеуметтік ортада өз орнын түсіне бастайды. Бұл өз кезегінде тұлғалық және психологиялық тұрақтылықтың артуына ықпал етеді.

Балалардың когнитивтік және психоэмоционалдық дамуын қолдау мақсатында ұлттық ойындардың әлеуетін зерттеу қазіргі педагогика мен психология ғылымында ерекше маңызға ие бағыттардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары отандық ғалымдар ұлттық ойындардың тұлғалық даму мен әлеуметтік бейімделуге ықпалын түрлі аспектілерде қарастыруда. Мәселен, Жұмабекова мен Сәрсенбаева (2021) еңбегінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойындар арқылы когнитивтік қабілеттерін дамыту жолдары жан-жақты талданған. Авторлар қазақтың дәстүрлі «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» секілді ойындарының есте сақтау, зейін және ойлау қабілеттеріне тигізетін оң әсерін эксперименттік зерттеу арқылы дәлелдеп, ұлттық ойындарды жүйелі қолдану балалардың когнитивтік белсенділігі мен топтық өзара әрекет дағдыларын арттыратынын айқындаған (Жұмабекова А. 2021: 45-47).

Сонымен қатар, Ибраева мен Абдрахманова (2020) ұлттық ойын элементтерінің бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық интеллектін қалыптастырудағы рөлін зерттеген. Ғалымдар «Арқан тартыс» пен «Сақина салу» сияқты ойындарды тренингтік сабақтарда қолдану арқылы балалардың эмпатиялық қабілеттері мен өзара түсіністік деңгейінің айтарлықтай артқанын анықтаған (Ибраева Л. 2020: 113).

Жалпы алғанда, бұл зерттеулер ұлттық ойындардың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуға ықпал ететін маңызды педагогикалық ресурс екенін дәлелдейді.

Шетелдік ғылыми еңбектерде АСБ балалардың моторлық, когнитивтік және әлеуметтік қабілеттерін дамыту мақсатында ойындық технологияларды қолдану бағытында бірқатар зерттеулер жүргізілген. Мәселен, Түркияда жүргізілген зерттеуде ойын арқылы оқыту әдістерінің АСБ балалардың дене белсенділігі мен әлеуметтік дағдыларына ықпалы қарастырылған (Кардаш Н.Т. 2018: 320-323). Зерттеу нәтижелері бойынша, ойын элементтерін қамтитын арнайы бағдарлама 8 апта бойы қолданылғаннан кейін балалардың қозғалыс белсенділігі, моторлық дәлдігі және әлеуметтік өзара әрекет деңгейі едәуір артқаны анықталған. Авторлар ойындық әдістердің эмоционалдық реттеу мен ынталандыруды күшейтетініне назар аударады.

Тағы бір түрік ғалымдарының зерттеуі инклюзивті білім беру жағдайында дәстүрлі балалар ойындарының әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларға әсерін бағалауға бағытталған (Ozcan S. 2025: 108299). Бұл жұмыста ұлттық және дәстүрлі ойындар инклюзиядағы балалардың өзара әрекеттесуін, топтық бірлігін және эмоциялық байланысын нығайтатыны анықталған. Авторлар ойынның мәдени мазмұны мен топтық құрылымының балалар арасындағы сенімді және қауіпсіз қарым-қатынас орнатуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Сондай-ақ, Abbak Kasar B.S. жетекшілік еткен зерттеу инклюзивті мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы құрдастардың өзара әрекетін қалыптастыру тетіктерін талдаған (Abbak K. 2024: 340). Зерттеу нәтижелері бойынша, ойын форматы АСБ балалардың топтық белсенділігін арттырып, тілдік коммуникация және әлеуметтік қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал еткен. Авторлар ойынның құрылымдық және визуалды ерекшеліктерін дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың когнитивтік процестерін белсендіруге болатынын дәлелдеген.

Қазақстанда жүргізілген “Social Adaptation Assistance for Children with Autism Spectrum Disorders in Kazakhstan” (Eleusizova N., 2024:5) зерттеу жұмысында АСБ балалардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудің қазіргі жағдайы мен қолдау тетіктері қарастырылған. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүйесінде бірқатар оң

өзгерістер бар екенін, бірақ ойындық және мәдени компоненттердің, соның ішінде ұлттық ойындардың қолданылуы әлі де жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған зерттеулердің барлығы ойын іс-әрекетінің АСБ балалардың дамуындағы тиімділігін дәлелдейді. Дегенмен, қазіргі уақытта Қазақстан мен түркітілдес елдерде нақты қазақ ұлттық ойындарының АСБ балалардың моторлық және когнитивтік қабілеттеріне әсерін зерттеген ғылыми жұмыстар әлі де жоқ. Бұл бағыт болашақта педагогикалық және мәдени тұрғыдан маңызды зерттеу алаңдарының бірі бола алады.

Қазақ ұлттық ойын элементтерімен бейімделген дене шынықтырудың АСБ балалардың дамуына әсерін бағалау. Ұлттық ойындар баланың эмоциялық тұрақтылығын арттырып, қозғалыс координациясын, топпен әрекет ету дағдыларын, сондай-ақ қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алайда бұл тәсілдің нақты тәжірибелік әсерін педагогтер мен ата-аналардың көзқарасы тұрғысынан бағалау қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты зерттеу жұмысы аясында АСБ балаларымен жұмыс істейтін педагогтер мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты - қазақ ұлттық ойын элементтерін қамтыған бейімделген дене шынықтырудың тиімділігін, балалардың моторлық және когнитивтік даму динамикасына ықпалын, сондай-ақ қатысушылардың бұл әдіске деген көзқарасын анықтау. Сауалнама екі респонденттік топты қамтыды:

1. АСБ балаларымен жұмыс істейтін педагогтер (арнайы педагогтар, дефектологтар, дене шынықтыру нұсқаушылары) (10 педагог);

2. АСБ балалардың ата-аналары (7 ата-ана).

Зерттеу құралы ретінде 10 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Сұрақтар 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланды (1 – мүлдем келіспеймін, 5 – толықтай келісемін), ал соңғы сұрақ ашық форматта берілді. Сауалнама қазақ ұлттық ойындарының (мысалы, «Асық ату», «Арқан тартыс», «Сақина салу», «Ақ серек, көк серек») балалардың қозғалыс белсенділігіне, көңіл-күйіне және әлеуметтік өзара әрекет қабілетіне ықпалын бағалауға бағытталды. Сауалнама төмендегідей сұрақтардан құрылды.

1. Қазақтың ұлттық ойындарын (мысалы, «Асық ату», «Арқан тартыс», «Ақ серек, көк серек») АСБ балаларымен жұмыс барысында қолдануға болатынын қалай бағалайсыз?

2. Сіздің ойыңызша, ұлттық ойындар АСБ балалардың қимыл-қозғалыс (моторлық) дамуына қандай әсер етеді?

3. Ұлттық ойын элементтері балалардың зейін, есте сақтау, ойлау сияқты когнитивтік қабілеттерін дамытуға көмектесе ме?

4. Сіз тәжірибеңізде немесе бақылауыңызда ұлттық ойындар қолданылған кезде балалардың көңіл-күйі мен белсенділігінде қандай өзгерістер байқадыңыз?

5. Ұлттық ойындарды қолдану балалардың топпен әрекет ету және қарым-қатынас жасау қабілетіне әсер етті ме?

6. АСБ балалар ұлттық ойын ережелерін қабылдауда қандай қиындықтар немесе ерекшеліктер байқалады?

7. Мұндай ойындарды тиімді қолдану үшін педагогтер мен ата-аналар қандай дайындыққа немесе әдістемелік көмекке мұқтаж деп ойлайсыз?

8. Қазақ ұлттық ойындарын бейімделген дене шынықтыру бағдарламасына енгізудің оң жақтары мен шектеулері қандай деп санайсыз?

9. Сіздің пікіріңізше, ұлттық ойын элементтері балалардың эмоциялық өзін-өзі реттеу және әлеуметтік бейімделу дағдыларына қалай әсер етеді?

10. Қай ұлттық ойындарды (немесе олардың элементтерін) АСБ балалармен дене шынықтыру сабағында қолдануға ең тиімді деп есептейсіз?

Нәтижелер педагогтер мен ата-аналардың басым бөлігі ұлттық ойындардың оңалту және дамыту процесіндегі әлеуетін жоғары бағалайтынын көрсетті. Педагогтердің 9-ы (90%) ұлттық ойындарды жүйелі түрде қолдану АСБ балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін,

кеңістікте бағдарлануын және дене координациясын жақсартатынын атап өтті. Қатысушылардың пікірінше, «Асық ату», «Арқан тартыс», «Ақ серек, көк серек» сияқты ойындар баланың қимыл дәлдігін арттырып, топтық өзара әрекетке бейімдейді.

Сонымен қатар, педагогтердің 8-і (80%) ұлттық ойындардың когнитивтік қабілеттерге - зейін, есте сақтау, ойлау жылдамдығына оң ықпал ететінін көрсеткен. Бірқатар педагог ойын ережесін үйрету кезінде балалардың тыңдай білу және нұсқауды орындау дағдыларының дамығанын атап өткен. Ата-аналардың 6-сы (85%) ұлттық ойын элементтері енгізілген сабақтардан кейін балалардың көңіл-күйінің жақсарып, қарым-қатынасқа бейімділігінің артқанын байқаған. Олардың пікірінше, ойын форматы балаларды еркіндікке, өз-өзін білдіруге және эмоциялық тұрақтылыққа жетелейді. Сонымен қатар, ата-аналардың көпшілігі ұлттық ойындардың баланы әлеуметтік ортаға бейімдеудің табиғи әрі қауіпсіз жолы екенін атаған. Жалпы нәтижелер бойынша, педагогтер мен ата-аналардың көпшілігі қазақ ұлттық ойындарын бейімделген дене шынықтыру процесіне енгізуді АСБ балалардың моторлық, когнитивтік және эмоциялық дамуындағы тиімді тәсіл деп есептейді. Қатысушылардың пікірінше, бұл тәсіл тек физикалық белсенділікті арттырып қана қоймай, сонымен бірге баланың өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын күшейтеді.

Сауалнама қорытындысы бойынша, зерттеуге қатысушылардың 88%-ы ұлттық ойындарды бейімделген бағдарламаларға тұрақты түрде енгізу қажеттілігін қолдайтынын білдірген. Бұл нәтижелер қазақтың дәстүрлі ойындары инклюзивті білім беру мен оңалту саласында мәдени тұрғыдан үйлесімді, тиімді әдістемелік ресурс бола алатынын дәлелдейді.

Қорытынды. Бейімделген дене шынықтыру АСБ балалардың жалпы моторикасын дамытуда тиімді құрал болып табылады. Ол тек қимыл-қозғалыс белсенділігін ғана емес, сонымен қатар сенсорлық интеграция мен әлеуметтік бейімделуді де жақсартады. Болашақта ұлттық ойын элементтерін жүйелі қолдану арқылы бағдарламаларды кеңейту қажет. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында практикалық маңызы зор бағыт болып табылады.

Зерттеу барысында жинақталған деректер бейімделген дене шынықтырудың балалардың когнитивтік және эмоциялық дамуына да оң әсер ететінін көрсетті. Қозғалыс белсенділігі арқылы олардың өз-өзіне сенімділігі артып, қарым-қатынас жасау және топтық әрекетке қатысу дағдылары нығаяды. Осыған орай, бейімделген дене шынықтыруды мектепке дейінгі және мектеп жасындағы АСБ балаларды қолдаудың кешенді жүйесіне енгізу өзекті болып табылады. Алдағы кезеңде бұл бағытта ұлттық мәдени ерекшеліктер мен инновациялық педагогикалық тәсілдерді үйлестіру арқылы ғылыми-практикалық негіздемелерді тереңдету қажет.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

1. Bhat A.N. Motor impairment increases in children with autism spectrum disorder as a function of social communication, cognitive and functional impairment, repetitive behavior severity, and comorbid diagnoses: a spark study report // *Autism Research*. - 2021. - Vol. 14, № 1. - P. 202–219. - DOI: 10.1002/aur.2453.
2. Jin Y.R., Sung Y.S., Koh C.L., Chu S.Y., Yang H.-C., Lin L.-Y. Efficacy of motor interventions on functional performance among preschool children with autism spectrum disorder: a pilot randomized controlled trial // *The American Journal of Occupational Therapy*. - 2023. - Vol. 77, № 6. - Article 7706205020. - DOI: 10.5014/ajot.2023.050283.
3. Аншукова Н.В. Психологические особенности детей с ранним детским аутизмом (Раздел для родителей) // ТОГБУ «Центр психолого-медико-педагогической диагностики и консультирования»: официальный сайт. - URL: <https://opmpk.68edu.ru/konsultatsii/dlya-roditelej/300-osobennosti-detey-s-rda> (дата обращения: 02.05.2025).
4. Date S., Munn E., Frey G.C. Postural balance control interventions in autism spectrum disorder (ASD): a systematic review // *Gait & Posture*. - 2024. - Vol. 109. - P. 170–182. - DOI: 10.1016/j.gaitpost.2024.01.034.

5. McCarty M.J., Brumback A.C. Rethinking stereotypes in autism // *Seminars in Pediatric Neurology*. - 2021. - Vol. 38. - Article 100897. - DOI: 10.1016/j.spen.2021.100897.
6. Bremer E., Lloyd M. Baseline behaviour moderates movement skill intervention outcomes among young children with autism spectrum disorder // *Autism*. - 2021. - Vol. 25, № 7. - P. 2025–2033. - DOI: 10.1177/13623613211009347.
7. Солодовник О.Ю. Развитие зрительно-моторной координации у дошкольников с расстройством аутистического спектра: Автореферат выпускной квалификационной работы. - Саратов: Саратовский национальный исследовательский государственный университет им. Н.Г. Чернышевского, 2022. - 12 с. - URL: http://elibrary.sgu.ru/VKR/2022/44-03-03_061.pdf (дата обращения: 02.05.2025).
8. Мельников Е.Ю., Ходасевич Л.С., Полякова А.В., Легкая Е.Ф. Двигательные нарушения у детей с расстройствами аутистического спектра: причины возникновения и возможности коррекции // *Вопросы курортологии, физиотерапии и лечебной физической культуры*. - 2023. - Т. 100, № 4. - С. 54–61. - DOI: 10.17116/kurort202310004154.
9. Suárez-Manzano S., Ruiz-Ariza A., Marques de Loureiro N.E., Martínez-López E.J. Effects of physical activity on cognition, behavior, and motor skills in youth with autism spectrum disorder: a systematic review of intervention studies // *Behavioral Sciences*. - 2024. - Vol. 14, № 4. - Article 330. - DOI: 10.3390/bs14040330.
10. Liang X., Li R., Wong S.H.S., Sum R.K.W., Wang P., Yang B., Sit C.H.P. Effects of different exercise interventions on executive function in children with autism spectrum disorder: a network meta-analysis // *Sports Medicine*. - 2022. - Vol. 52, № 1. - P. 75–88. - DOI: 10.1007/s40279-021-01545-3.
11. Мархотина И.Н., Мазалова Г.М., Хан С.Ф. Организация деятельности ресурсного центра по адаптивной физической культуре по направлению «Реализация программ и технологий адаптивной физической культуры с детьми, имеющими расстройства аутистического спектра» в рамках проекта «Будь здоров, малыш!» // *Научное и образовательное пространство: Перспективы развития: материалы XIV Междунар. науч.-практ. конф.* (Чебоксары, 11 окт. 2019 г.). - Чебоксары: Центр научного сотрудничества «Интерактив плюс», 2019. - С. 25–27.
12. Жұмабекова А., Сәрсенбаева Г. Ұлттық ойындардың когнитивтік дамуы ролі // *Педагогика және психология*. - 2021. - № 2. - 45–47 бб.
13. Ибраева Л., Абдрахманова А. Эмоциялық интеллектіні дамытудағы ұлттық ойындардың мүмкіндіктері // *Білім беру кеңістігі*. - 2020. - № 4. - 112–115 бб.
14. Кардаш Н.Т., Садик Р. Анализ влияния обучающих игр на некоторые физические параметры и социальные навыки детей с расстройствами аутистического спектра // *Азиатский журнал образования и обучения*. - 2018. - Т. 4, № 4. - С. 319–325. - DOI: 10.20448/journal.522.2018.44.319.325.
15. Özcan S., Sakız H. Improving social-emotional skills for inclusion through traditional child games // *Children and Youth Services Review*. - 2025. - Article 108299. - DOI: 10.1016/j.childyouth.2025.108299.
16. Abbak Kacar B.S., Deretarla Gul E. Peer-mediated education and autism spectrum disorder (ASD) in preschool inclusive programs: the power of games // *Early Years*. - 2024. - Vol. 45, № 2. - P. 334–348. - DOI: 10.1080/09575146.2024.2349756.
17. Eleusizova N. Social adaptation assistance for children with autism spectrum disorders in Kazakhstan // *Journal of Social Service Research*. - 2024. - Vol. 5. - P. 1–9. - DOI: 10.1080/20473869.2024.2385596.

УДК 376.3

МРНТИ: 14.35.09

А.М. Кемешова¹, С.Ж. Женис²

¹п.э.к., ғылыми жетекші

²7M01906 - Арнайы педагогика: инклюзивті білім беру мамандығының 2 курс

магистранты zhenis2002s@gmail.com

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА НАШАР КӨРЕТІН 5-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕҢІСТІКТЕ БАҒДАРЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Аңдатпа: Мақалада нашар көретін 5-сынып оқушыларының кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамытуға бағытталған интеллектуалды ойындардың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында дыбыстық және тактильдік негіздегі практикалық тапсырмалар сенсорлық-компенсаторлық мүмкіндіктерді күшейтуге мүмкіндік беретіні дәлелденді. Нәтижелер кеңістікті сезіну, бағытты анықтау, қозғалысты жоспарлау және ойша модельдеу дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Интеллектуалды ойындар инклюзивті ортада дербес қозғалу қабілетін қалыптастыруда тиімді әдіс ретінде бағаланды.

Тірек сөздер: кеңістікте бағдарлау, нашар көретін оқушылар, интеллектуалды ойындар, сенсорлық-компенсаторлық даму, тактильдік бағдарлау, дыбыстық сигнал

А.М. Кемешова¹, С.Ж. Женис²

¹ научный руководитель, к.п.н.

²Магистрант 2 курса специальности 7M01906 - Специальная педагогика: инклюзивное образование

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан, zhenis2002s@gmail.com

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ПРОСТРАНСТВЕННОЙ ОРИЕНТИРОВКИ У СЛАБОВИДЯЩИХ УЧАЩИХСЯ 5-Х КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ИГР В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация: В статье рассматривается эффективность интеллектуальных игр в развитии навыков пространственной ориентации у слабовидящих учащихся 5 класса. Практические задания, основанные на звуковых и тактильных сигналах, способствовали усилению сенсорных и компенсаторных механизмов. Полученные результаты показали улучшение способности чувствовать пространство, определять направление, планировать движение и формировать мысленные модели. Интеллектуальные игры доказали свою результативность как метод формирования самостоятельной и безопасной ориентации в инклюзивной образовательной среде.

Барлық зерттелген балалардың сөздік қоры жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны, лексикалық жүйені дамытуға бағытталған коррекциялық әсердің маңыздылығын айқын дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ертегі терапиясы әдісі ПДТ-і бар бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытуда тиімді құрал болып табылады. Оның әсері психолого-педагогикалық бірнеше шарттың үйлесімі арқылы жүзеге асады: тәрбиеші, бала және ата-ана арасындағы диалогтық өзара әрекет, ойындық кеңістіктің дұрыс ұйымдастырылуы, эмоционалды-шабыттандырушы ортаның құрылуы және шығармашылық тәсілдің жеке мысалдары арқылы проблемаларды шешуге мүмкіндік беру.

Зерттеу барысында анықталғандай, 26 оқушының арасында:

- 4 бала (15%) жоғары деңгейде сөздік қоры қалыптасқан,
- 7 бала (27%) ортадан жоғары деңгейде,
- 9 бала (35%) орташа деңгейде,
- 4 бала (15%) ортадан төмен деңгейде,
- 2 бала (8%) төмен деңгейде орналасқан.

Бұл деректер ПДТ-і бар балалар арасында сөздік қордың қалыптасуы әртүрлі екенін көрсетеді, ең көп оқушы орташа деңгейде орналасқан, яғни қосымша түзету және дамыту жұмыстары қажет.

Ертегіні қолдану тек мамандарға ғана емес, ата-аналарға да қолжетімді болып, авторлық ертегілерді құрудың қарапайым технологияларын меңгеру арқылы балалардың танымдық, эмоционалды және әлеуметтік дамуын үйлестіруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, ертегі терапиясы әдісі ПДТ-і бар балалардың:

- сөйлеу белсенділігін және сөздік қорын дамытуға,
- танымдық процестерін, ойлау қабілеттерін және қиялын жетілдіруге,
- эмоционалды тұрақтылығын нығайтуға,
- әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын қалыптастыруға,
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға

ықпал етеді.

Осылайша, ертегі терапиясы әдісі бастауыш сыныптағы педагогикалық практикада балалардың психикалық дамуына, интеллектіне, моторикасына және эмоционалды-әлеуметтік дағдыларына кешенді оң әсер ететін тиімді педагогикалық технология ретінде қарастырылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Богачева А. Н. Особенности лексического строя речи у детей младшего школьного возраста с задержкой психического развития // Актуальные проблемы специального образования. Тверь, 2022. С. 52-58.
2. Борякова Н.Ю., Касицына М.А. Коррекционно-педагогическая работа в детском саду для детей с задержкой психического развития. (Организационный аспект). — М.: В.Секачёв, 2007. — 78 с.
3. Музафарова Е. А. Технологии инклюзивного образования как средства для создания безбарьерного обучения детей с ОВЗ // Образование и воспитание. — 2016. — №5. — С. 89-91. 5. Стрелкова Л. П.. Уроки сказки. — М., 1999. — 119 с.

4. Гопкало Т. В. Изучение словарного запаса младших школьников с задержкой психического развития. 2017. № 3. С. 34-38. 19. 20. 21. с. 22. Дьячков А. И. Дефектологический словарь. М., 2007. 504 с.
5. Колмыкова А. С. Использование обобщающих слов у младших школьников с задержкой психического развития // Педагогический форум. Пенза, 2022. С. 108-110.
6. Коненкова И. Д. Обследования речи дошкольников с задержкой психического развития. М., 2005. 78 с.
7. Зинкевич-Евстигнеева Т. Д. Практикум по сказкотерапии. – СПб., 2000.
8. Фабрициус А. Е. Изучение особенностей речи у детей младшего школьного возраста с задержкой психического развития // Вектор развития современной науки. М., 2018. С. 426-428.
9. Царицан В. Д. Логопедическая работа с младшими школьниками с ЗПР в общеобразовательной школе // Фундаментальные и прикладные научные исследования в современном мире. Уфа, 2023. С. 243-247.
10. Шевченко С. Г., Бабкина Н. В., Вильшанская А. Д. Дети с ЗПР: коррекционные занятия в общеобразовательной школе. М., 2005. 197 с.

УДК 376.43

МРНТИ 14.25.09

¹Сабденова Б.А., ²Ерубаетова А. А

¹PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы

²7M01908 - Аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларды қолдау" мамандығы бойынша 2-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

ШЕЙПИНГ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Аңдатпа. Мақалада аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дағдыларын шейпинг әдісін қолдана отырып дамыту ерекшеліктері қарастырылады. Әдістің теориялық негіздері, қолдану кезеңдері мен принциптері ұсынылады. Баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттестігін және әлеуметтік бейімделуін жақсартуға мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдыларды жүйелі түрде қалыптастырудың маңызы атап көрсетілген.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі жастағы балалар, аутизм, сөйлеу дағдылары, шейпинг әдісі, коммуникативтік даму, коррекциялық жұмыс.

¹Сабденова Б.А., ²Ерубаетова А.А.

¹PhD, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

²Магистрант 2 курса обучения специальности 7M01908- Сопровождение детей с расстройством аутистического спектра, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА ШЕЙПИНГА

Аннотация: В статье рассматриваются особенности развития речевых навыков у детей дошкольного возраста с расстройствами аутистического спектра с использованием метода шейпинга. Представлены теоретические основы метода, его этапы и принципы применения в коррекционно-развивающей работе. Подчеркивается значимость системного подхода к формированию коммуникативных умений, позволяющего повысить эффективность социализации и взаимодействия ребенка с окружающей средой.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, аутизм, речевые навыки, метод шейпинга, коммуникативное развитие, коррекционная работа.

¹Erubaeva A.A., ²Sabdenova B.A.,

¹PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²2st-year Master's student in the specialty 7M01908 – “Support for Children with Autism Spectrum Disorders”, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

DEVELOPING SPEECH SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDER USING THE SHAPING METHOD

Abstract: The article examines the development of speech skills in preschool children with autism spectrum disorders using the shaping method. The theoretical foundations of the method, its stages, and principles of application in corrective and developmental work are presented. The importance of a systematic approach to the formation of communicative abilities, which enhances the child's socialization and interaction with the environment, is emphasized.

Keywords: preschool children, autism, speech skills, shaping method, communicative development, corrective work.

Қысқашы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы бағалауларына сәйкес, әр 160 баланың бірі аутизм спектрінің бұзылуына шалдыққан. Аталған көрсеткіш орташа мән болып табылады және әртүрлі зерттеулерде едәуір өзгереді. Соңғы он жыл ішінде аутизмі бар балалардың саны 10 есе өсті. Осыған байланысты аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларды оқыту, әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтендіру мәселесі өткір тұр.

Әдеби деректерді талдау (Е.Р. Баенская, В.Е. Каган, В.В. Ковалев, К.С. Лебединская, М.М. Либлинг, О.С. Никольская) көрсеткендей, балалардағы аутизмді классификациялаудың бірыңғай тәсілі әлі жоқ. Халықаралық аурулардың 10-шы қайта қаралған классификациясын (1994) талдау әртүрлі балалар аутизмінің типтері жана «Жалпы (первозиялық) даму бұзылыстары» рубрикасына енгізілгенін көрсетті. Бұл рубрикаға әлеуметтік бейімдеудегі, коммуникациядағы, жалпы өзара әрекеттегі бұзылыстары бар, сондай-ақ стереотиптік мінез-құлық формалары бар жағдайлар кіреді. Аутизмнің жүйелендірілуінің негізі эволюциялық-биологиялық тәсіл болып табылады, мұнда даму бұзылыстарының бастапқы сипаты мойындалады. Аутизмнің басқа бір бөлінуі аутистік бұзылыстардың көріну жасын ескереді. Осы себепті әртүрлі шығу тегіндегі аутизм типтері (конституциялық және процесстік) бір «балалық аутизм» рубрикасында көрсетіліп, бұл факт нақты көрсетілмеген. Процесстік аутизм ақаулы жағдай ретінде «атиптік аутизм» рубрикасына енгізілген[1-3].

Көптеген авторлардың пікірінше (Е.Р. Баенская, Ф. Волкмар, Н.С. Жукова, Н.Г. Манелис, О.С. Никольская, L. Kanner, R.L. Koegel және басқалар), аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын негізгі бұзылыстардың бірі – коммуникативтік дағдылардың жеткіліксіз дамуы. Бұл сөйлеудің

жоқтығы немесе кеш дамуы, сөйлеудегі стереотиптер, диалог жүргізу қабілетінің болмауы, сұрақтарға жауап бере алмау сияқты ерекшеліктермен көрінуі мүмкін[4-5].

Балалардағы коммуникативтік дағдыларды дамыту және қарым-қатынас мәселесін зерттеушілер А.А. Бодалев, М.И. Лисина, Л.Я. Лозован, Т.А. Репина, Е.Г. Савина, Е.О. Смирнова және басқалар қарастырған. Олар коммуникативтік дағдылардың дамуы баланың әлеуметтік-коммуникативтік дамуының негізгі процесі деп санайды және оны тиімді қарым-қатынас жасау және қоршағандармен сәтті өзара әрекеттесу қабілетін дамыту ретінде сипаттайды. Бұл процесс барысында бала тек басқа адамды ғана емес, өз-өзін де танып біледі. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардағы коммуникативтік дағдыларды дамыту әдістері мен әдістемелері отандық мамандар тарапынан көбінесе толық емес және фрагментарлық сипатта баяндалады. Кейде авторлар ұсынған әдістемелер (В.М. Башина, С.А. Морозов, С.С. Морозова, О.С. Никольская) тек шектеулі коммуникативтік дағдылар топтарын бағалауға бағытталған және көбінесе коммуникативтік дағдылардың дамуын емес, жалпы сөйлеу дамуын бағалауға басымдық беріледі[6-7].

Шейпинг әдісі – бұл баланың мінез-құлқын кезең-кезеңімен, бар мінез-құлықтан қалаулы мінез-құлыққа дейін өзгерту әдісі, мұнда әрбір сәтті әрекет эпизоды идеал мінез-құлыққа жақындаған сайын нығайтылады.

Шейпинг әдісі бірінші сәтті әрекетті күшейтуден басталады. Әдістің әсері бірден байқалмайды. Әрбір кезеңде баланың жаңа дағдыны бекітуі үшін жеткілікті уақыт қалдыру қажет. Жақсы жоспарлау міндетті болып табылады. Арнайы дайындықсыз бұл әдісті қолдану ұсынылмайды.

Шейпинг әдісі күнделікті көптеген жағдайларда жаңа мінез-құлықты меңгеруге көмек көрсету үшін қолданылады. Мысалы, логопедтер бұл әдісті қолданғанда алдымен ерін қозғалысын, кейін дыбыстарды, соңында сөздер мен сөйлемдерді айту дағдыларын нығайтады. Шейпинг әдісі жүйелі және кезең-кезеңімен жүргізілгендіктен, маман әрдайым соңғы мақсатты мінез-құлықты есте ұстайды[8-10].

Зерттеу материалдары және нәтижелері.Отандық және шетелдік авторлардың мектепке дейінгі жастағы аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселесі бойынша арнайы әдебиеттерін талдағаннан кейін, біз эксперименттік зерттеу ұйымдастырдық. Зерттеудің мақсаты: аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы коммуникативтік дағдылардың даму деңгейін анықтау.Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы коммуникативтік дағдылардың даму деңгейін зерттеу үшін әдістер мен диагностикалық тапсырмаларды таңдау;
2. Коммуникативтік дағдылардың даму ерекшеліктерін анықтау, критерийлерді бөліп көрсету және олардың деңгейін бағалау.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы коммуникативтік дағдылардың даму деңгейін зерттеу үшін біз келесі әдістер мен диагностикалық тапсырмаларды қолдандық:

1. **Сауалнама** – баланың ата-аналары (заңды өкілдері) САВА Ерте араласу орталығының кураторы әзірлеген анкетаны толтырды.
2. **Ата-аналармен әңгімелесу** – анкетаның пункттері бойынша талқылау, баланың сөйлеу дамуының анамнезін жинау.

3. **Баланы табиғи жағдайда бақылау** – 30 минут бойы баланың өздігінен әрекет ету процесінде бақылау жүргізу.
4. **«Жұптық шарттандыру» диагностикалық тапсырмасы** – педагогпен жағымды стимулдарды үйлестіру арқылы жеке-жеке жүргізілген 20 минуттық сеанс. Балаларға мотивациялық ынталандырулар ұсынылды: жарық шашатын ойыншықты қосу, көпіршіктер үрлеу, сумен ойнау, сенсорлық қорап, мультфильмдердің әуендері бар телефон.

Анкетаның, ата-аналармен әңгімелесудің және баланы табиғи жағдайда өздігінен әрекет ету процесінде бақылаудың нәтижелері бойынша әр балаға қысқаша сипаттама жасалды.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы коммуникативтік дағдылардың даму деңгейін анықтау үшін біз Марк Сандбергтің **VB-MAPP** бағалау жүйесінде көрсетілген вербалды мінез-құлықтың негізгі функционалдық кластарын дамыту критерийлері мен көрсеткіштеріне сүйендік.

Вербалды мінез-құлықты дамыту векторларын бағалаудың теориялық негізі – Б.Ф. Скиннердің «Вербальды мінез-құлық» (1957) еңбегі болып табылады.

Кесте 1. Вербалды мінез-құлықтың функционалдық кластары


Функционалдық класс	Сипаттамасы	Мысал
Манд (Mands)	Өтініш. Баланың қажеттілігін немесе тілегін білдіру.	Баланың серуенге шыққысы келетіндіктен, «аяқ киім берші» деп сұрауы.
Такт (Tacts)	Объектілерді, әрекеттерді немесе оқиғаларды атау немесе анықтау.	Баланың өз аяқ киімін көріп, «аяқ киім» деп айтуы.
Интравербалды әрекет (Intraverbals)	Сұрақтарға немесе репликаларға жауап беру, әңгіме жүргізу үшін басқа сөздермен басқарылатын сөйлеу әрекеті.	Біреу «Не киесің?» деп сұрағанда, бала «аяқ киім» деп жауап беруі.
Тыңдаушы мінез-құлық (Listener Behavior)	Басқа адамның нұсқауларын орындау немесе өтінішіне сәйкес әрекет ету.	Біреу «аяқ киім» дегенде, бала оларды алу.
Эхо (Echoics, дыбысты қайталау)	Естіген сөзді қайталау.	Біреу «аяқ киім» дегенде, бала да «аяқ киім» деп айту.
Имитативті мінез-құлық (Imitation)	Біреудің моторлық әрекетін қайталау (қол қимылдары немесе жест тілін қоса).	Біреу қолдарын соқса, бала да сол қимылды қайталау (аяқ киім дегенді білдіретін жест).
Текстуальды әрекет (Textual Behavior)	Жазылған сөздерді оқу.	Жазылған «аяқ киім» сөзін көріп, «аяқ киім» деп айту.
Копирование текста (Copying Text)	Сөзді қайта жазу.	Біреу «аяқ киім» сөзін жазса, бала сол сөзді қайта жазуы.
Транскрипция (Transcription)	Естіген сөзді жазу.	Біреу «аяқ киім» деп айтса, бала оны жазу арқылы көрсетуі.

Бірінші критерий. Манд (Өтініш дағдысы)

Өтініш дағдысын бағалау нәтижелері көрсеткендей:

- **3 бала (15%)** – өтініш дағдысы қалыптасқан. Бұл балалар толық сөйлемдермен сұрайды, сұрақтар қояды және нұсқаулар береді, оларды ересектерге де, әріптестеріне де бағыттай алады.
- **4 бала (20%)** – өтініш дағдысының орташа деңгейі анықталды. Балалар мотивациялық стимулдарды екі сөзбен, зат есімдер мен етістіктерді қолданып сұрайды. Қарапайым сұрақтар қоя алады, бірақ әрдайым сұхбаттасушыдан жауап алуға қызығушылық танытпайды. Көбіне бұл сұрақтар сол сәтте қажет мотивациялық стимул болмаған кезде қойылады.
- **5 бала (25%)** – өтініш дағдысының төмен деңгейі анықталды. Балалар бір сөзбен бірнеше мотивациялық стимулдарды сұрайды, бұл стимулдар олардың көру аймағында немесе өтініш жасау үшін мотивациялық жағдай қайта құрылғанда қолжетімді болады. Олар спонтанды түрде өздері үшін маңызды күшті мотивациялық стимулдарды сұрайды.
- **8 бала (40%)** – өтініш дағдысының критикалық деңгейі анықталды. Балаларда бұл дағды жоқ: екеуі ересек адамның қолын ұстап сұрайды, үшеуі өтініштің орнына қалаусыз мінез-құлық көрсетеді. Қалған балаларда коммуникативтік мотивация мен қажеттілік төмен, олар ересектермен қарым-қатынастан аулақ болады.

Бірінші критерий – манд (өтініш дағдысы) бойынша алынған нәтижелердің сандық талдауы **1 суретте** көрсетілген.




Сурет 1. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы манд (өтініш) дағдысының даму деңгейі

Екінші критерий. Такт (атау дағдысы)

Атау дағдысын бағалау нәтижелері көрсеткендей, кейбір балаларда бір сөзбен вербалды өтініш жасау және эхо (қайталама) дағдылары болса да, олар бұл дағдыларды атау дағдысына біріктіре алмайды және сол суреттер мен заттарды атау қабілетіне ие емес. Мысалы, 10 және 11 нөмірлі ұлдар мотивациялық стимулдарды вербалды түрде сұрай алды (мұғалім көпіршіктерді үрлеуді бастағанда, балалар «көпіршіктерді берші» деп сұрады), педагогты қайталап айту қабілеті болды (педагог «көпіршіктер» деді, бала: «көпіршіктер»), бірақ карточкада көпіршіктің суреті немесе стимулдың өзі ұсынылғанда «Бұл не?» деген сұраққа жауап бере алмады. Бұл балаларда атау дағдысы қалыптаспағанын және вербалды мінез-құлықтың функционалдық кластарында спонтанды жалпылау орын алмайтынын көрсетеді.

7 бала (35%) – атау дағдысының жоғары деңгейі анықталды. Балалар заттар мен әрекеттерді атай алады, екі компонентті атауды қолданады, заттардың сипаттамаларын, бөлшектерін және функцияларын атап көрсетеді.

Екінші критерий – такт (атау дағдысы) бойынша алынған нәтижелердің сандық талдауы **2 суретте** көрсетілген.




Сурет. 2. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы такт (атау) дағдысының даму деңгейі

Үшінші критерий. Эхо (қайталау дағдысы)

Дыбыстарды, буындарды және сөздерді қайталау дағдысын талдау көрсеткендей:

- 7 бала (35%) – қайталау дағдысы толық қалыптасқан. Балалар педагогтан сөздер мен фразаларды қайтала алады. Сонымен қатар эхо реакциясының ұзақтығы бағаланды: жоғары деңгейдегі балалар педагогтан 3–5 сөзден тұратын фразаларды қайталауға қабілетті болды.
- 8, 9, 10 және 12 нөмірлі ұлдарда қайталау дағдысы дамығанымен артикуляция бұзылыстары байқалды.
- 11 нөмірлі ұлда сөйлеуде тұрақты эхолалиялар анықталды.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардағы дыбыстарды, буындарды және сөздерді қайталау дағдысының даму деңгейінің сандық талдауы 3 суретте көрсетілген.




Сур. 3. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы дыбыстарды, буындарды және сөздерді қайталау дағдысының даму деңгейі

Төртінші критерий. Интравербальды реакция

Интравербальды дағдыларды талдау көрсеткендей:

- 4 бала (20%) – интравербальды дағдылардың жоғары деңгейі бар. Олар қарапайым сұрақтарға жауап береді, сюжеттік суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере алады, бірақ бұл деңгейдегі балаларда мәтін бойынша сұраққа жауап беру немесе әңгіме қайта айту дағдысы қалыптаспаған.
- 3 бала (15%) – интравербальды дағдылардың төмен деңгейі бар. Олар тек жаттықтырылған сұрақтарға ғана жауап береді. Мысалы, 13 нөмірлі ұл «Атың кім?» деген сұраққа дұрыс жауап бере алмады, бірақ «Сенің атың кім?» деген сұраққа дұрыс жауап берді.
- Қалған балалардың (65%) сұрақтарға жауап беру дағдысы қалыптаспаған.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардағы интравербальды дағдылардың даму деңгейінің сандық талдауы 4 суретте көрсетілген.




Сур. 4. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы интравербальды дағдының даму деңгейі

Бесінші критерий. Әлеуметтік мінез-құлық және ойын

Әлеуметтік мінез-құлық пен ойынды бағалау нәтижелері көрсеткендей:

- **4 бала (20%)** – ересектермен және әріптестерімен әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдысы қалыптасқан. Бұл балалар ойын барысында әріптестерімен ынтымақтасып, бірлескен әрекеттерде жұмыс істейді, әріптестердің өтініштеріне жауап береді және спонтанды түрде әріптесіне сұрақпен немесе өтінішпен жүгінеді. 18 және 19 нөмірлі ұлдар әріптестерімен диалог жүргізуде қиындықтар туғызады, көбінесе тақырыпты өздері үшін мотивациялық тақырыптарға ауыстырады. 19 нөмірлі ұл педагог тақырыпты өзгертсе, диалог барысында қалаусыз мінез-құлық көрсеткен.
- **1 бала (5%)** – әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдысының орташа деңгейі анықталды. 12 нөмірлі ұл ересектермен және әріптестерімен көзбен байланыс орната алады, ойын барысында әріптестерін бақылап, олардың моторлық әрекеттерін қайталайды, қарапайым өтініштермен әріптестеріне жүгінеді және әріптестің нұсқауларын орындайды.
- **15 бала (75%)** – әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдысының критикалық деңгейі анықталды. Балаларда ересектермен немесе әріптестерімен көзбен байланыс жоқ немесе қысқа уақытқа ғана орнайды. Олар әріптестеріне өтініш білдіре алмайды және ойын әрекеттерінде өзара әрекеттесе алмайды.

Бесінші критерий – әлеуметтік мінез-құлық және ойын дағдылары бойынша алынған нәтижелердің сандық талдауы **5 суретте** көрсетілген.




Сур. 5. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы әлеуметтік мінез-құлық пен ойын дағдысының даму деңгейі

Алтыншы критерий. Сөйлеуді түсіну

Бағытталған сөйлеуді түсіну дағдысын бағалау нәтижелері көрсеткендей, 6 бала (30%) бұл дағды толық қалыптасқан. Бұл балалар контекстте немесе контексттен тыс берілген нұсқауларды түсінеді, заттар мен суреттерді, етістіктерді, сын есімдерді, септік предлогтарын ажырата алады. Балалар арнайы моторлық нұсқауларды және көпкомпонентті (3–4) нұсқауларды түсініп орындай алады.

Алайда, 14 және 15 нөмірлі ұлдар «не?» және «ненеден?» деген септік сұрақтарын ажырата алмады. Мысалы, тапсырмада баланың алдында «сок пакеті» және «стакан» карточкалары жатқанда, педагог «Не ішесің?» деген сұрақ қойса, бала «сок пакеті» карточкасын көрсетуі керек, ал «Неден ішесің?» деген сұраққа бос стакан карточкасын көрсетуі қажет. 14 және 15 нөмірлі ұлдар бұл тапсырмада септік сұрақтарын тыңдау арқылы дұрыс ажырата алмады.



Сур. 6. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардағы бағытталған сөйлеуді түсіну дағдысының даму деңгейі

Біз жүргізген зерттеу, аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылардың даму деңгейлерін зерттеуге бағытталған, балалардың тек 20%-ында коммуникативтік дағдылардың жоғары деңгейі бар екенін көрсетті. Қалған балалар үшін аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған коррекциялық-педагогикалық жұмыс жүйесін құру қажет.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған негізгі коррекциялық-педагогикалық бағыттарды әзірлеу

және негіздеу, біздің пікірімізше, балалардың дағдыларын жетілдіруге және оларды жоғары әрі сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Біздің ұсынған жұмысымыз Б.Ф. Скиннер мен О.И. Ловаас әзірлеген қолданбалы мінез-құлық талдауының принциптері мен стратегияларына, сондай-ақ отандық дефектологтар – Л.С. Выготский, Р.Е. Левина, В.И. Лубовский жасаған арнайы принциптерге негізделген.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдылары әртүрлі деңгейде қалыптасқан: балалардың тек 20%-ында жоғары деңгейі байқалды, ал қалған балаларда бұл дағдылар төмен немесе критикалық деңгейде. Мұндай жағдай аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін арнайы жүйелі коррекциялық-педагогикалық қолдаудың қажеттілігін көрсетеді. Шейпинг әдісі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл әдіс мінез-құлықты қадам-қадаммен өзгертуге, бастапқы әрекеттерді қалаған мінез-құлыққа жақындатуға және әрбір сәтті қадамды нығайтуға мүмкіндік береді. Зерттеу көрсеткендей, балалардың кейбір функционалдық вербалды дағдылары – манд (өтініш), такт (атау), эхо (қайталама), интравербальды жауап және әлеуметтік мінез-құлық – толық немесе жартылай қалыптасқан, бірақ көпшілігі үшін олар спонтанды түрде дамымайды. Шейпинг әдісін қолдану арқылы:

- әрбір коммуникативтік дағдының жеке компоненттері кезең-кезеңімен бекітіледі;
- балалардың мотивациялық стимулдарға жауап беру қабілеті және спонтанды коммуникациялық әрекеттері жақсарады;
- функционалдық вербалды мінез-құлықтың әр класы (манд, такт, эхо, интравербал) бір-бірімен үйлесімді дамиды;
- әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары мен ойын әрекеттерінде белсенділік артады.

Қорытындылай келе, шейпинг әдісі аутизм спектрінің бұзылыстары бар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Бұл әдістің қолданылуы балалардың дағдыларын жоғары әрі сапалы деңгейге көтеруге, олардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға және күнделікті өмірде өзара әрекеттесу қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хаустов А. В.. *Формирование коммуникативных навыков у детей с детским аутизмом* : Дис. ... канд. пед. Наук: 13.00.03/ А. В. Хаустов, М., 2005.
2. Лебединская К.С., Никольская О.С. *Клинико-психологическая классификация / Диагностика раннего детского аутизма*. М.: Просвещение, 1991.
3. Морозова Т.И. *Методические рекомендации по коррекции нарушений речевого развития при детском аутизме*. // *Аутизм: методические рекомендации по психолого-педагогической коррекции*. / Под ред. С.А. Морозова. – М., 2001. – С. 102 – 131.
4. Лебединская К.С., Никольская О.С., Баенская Е.Р. *Работа по развитию речи / Дети с нарушениями общения: ранний детский аутизм*. — М.: Просвещение, 1989.
5. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. *Аутичный ребенок: Пути помощи*. Изд.4-е, стер. – М.: Теревинф, 2007. – 288 с. 32. Нуриева Л.Г. *Развитие речи у аутичных детей: метод.разраб.* – Изд.3-е. – М.: Теревинф, 2007. – 112 с.
6. Хаустов А.В. *Клинико-психолого-педагогическая характеристика детей с детским аутизмом* // *Практическая психология и логопедия*. – 2005. – №5 6 (16,17). – С. 9–15.

7. Лебединский В.В. Искаженное психическое развитие. Нарушения психического развития у детей. — М.: МГУ, 1985.
8. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики, уч. М., 1997. 287 с.
9. Лусина М.И. Проблемы онтогенеза общения. М.1986 г.
10. Lovaas O.I., Simmons J.Q., Koegel R.L., Stevens-Long J. Some generalization and follow-up measures on autistic children in behavior therapy / Journal of applied behavior analysis, 1973. — Vol. 6. — P. 13

ӘОЖ 376.37

ҒТАМР 14.29.23

¹Шалдарбек С.Б., ²Булабаева С.Т., Жақанбаева Б.Б

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

³ Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ОПТИКАЛЫҚ ДИСГРАФИЯНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ КӨРУ ГНОЗИСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасындағы балалардағы оптикалық дисграфияның пайда болу және көріну механизмдеріндегі көру гнозисінің рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жазудағы оптикалық қателерге әсер ететін көру қабылдауының, көру – бейнелік және оптико-кеңістіктік функциялардың ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, көру гнозисінің дамуы мен тілдің графикалық жүйесін меңгеру деңгейі арасындағы байланысқа және оптикалық дисграфияны басқа жазба тіл бұзылыстарынан ажыратуға мүмкіндік беретін диагностикалық маңызды көрсеткіштерді айқындауға назар аударылады.

Зерттеуде психологиялық – педагогикалық және нейропсихологиялық тексерулердің нәтижелері келтіріліп, жазбадағы типтік қателер мен олардың көру гнозисінің жекелеген компоненттерінің жеткіліксіздігімен байланысы талданады. Нәтижелер көрсеткендей, графикалық ұқсастығы бар әріптерді тану қабілетінің төмендеуі, көру– кеңістіктік талдау жеткіліксіздігі және көру жадысының әлсіздігі оптикалық дисграфияның құрылымын анықтайтын негізгі факторлар болып табылады.

Анықталған заңдылықтар бұл бұзылыстың диагностикалық критерийлерін нақтылауға, сондай– ақ көру гнозисі мен оптико– кеңістіктік функцияларды дамытуға бағытталған коррекциялық жұмысты жүйелеуге мүмкіндік береді. Мақаладағы тұжырымдар оптикалық дисграфия механизмдерін теориялық тұрғыдан терең түсінуге және жазу дағдысында қиындықтары бар балаларға логопедиялық және нейропсихологиялық қолдау көрсетуде қолдануға негіз бола алады.

Кілттік сөздер: оптикалық дисграфия; көру гнозисі; визуалды қабылдау; визуалды– кеңістіктік функциялар; нейропсихология

¹ Шалдарбек С.Б., ²Булабаева С.Т., ³Жақанбаева Б.Б

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет

³ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ЗРИТЕЛЬНОГО ГНОЗИСА В ИЗУЧЕНИИ ОПТИЧЕСКОЙ ДИСГРАФИИ

Аннотация

Статья посвящена анализу роли зрительного гнозиса в механизмах формирования и проявления оптической дисграфии у детей школьного возраста. Целью исследования является выявление специфических нарушений зрительного восприятия, оптико– пространственных функций и зрительно– образной дифференциации, которые лежат в основе ошибок письма оптического

характера. Особое внимание уделяется соотношению развития зрительного гнозиса с уровнем овладения графической системой языка, а также определению диагностически значимых показателей, позволяющих дифференцировать оптическую дисграфию от других форм нарушений письменной речи.

В работе представлены данные психолого– педагогического и нейропсихологического обследования, анализируются типичные ошибки письменной речи и их связь с недостаточностью отдельных компонентов зрительного гнозиса. Полученные результаты показывают, что снижение способности к узнаваниям графически сходных букв, недостаточность зрительно– пространственного анализа и слабость зрительной памяти являются ключевыми факторами, определяющими структуру оптической дисграфии.

Выявленные закономерности позволяют уточнить диагностические критерии данного нарушения и обосновать необходимость целенаправленной коррекционной работы, включающей развитие зрительного гнозиса и оптико– пространственных функций. Представленные выводы способствуют углублению теоретического понимания механизмов оптической дисграфии и могут быть использованы в практике логопедического и нейропсихологического сопровождения детей с трудностями письма.

Ключевые слова: оптическая дисграфия; зрительный гнозис; визуальное восприятие; визуально– пространственные функции; нейропсихология

¹ Shaldarbek S.B., ² Bulabayeva S.T., ³ Zhakanbayeva B.B

^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF VISUAL GNOSIS IN THE STUDY OF OPTICAL DYSGRAPHIA

Abstract

The article examines the role of visual gnosia in the mechanisms underlying the formation and manifestation of optical dysgraphia in school-age children. The aim of the study is to identify specific impairments in visual perception, visuospatial functions, and visual-image differentiation that contribute to writing errors of an optical nature. Special attention is paid to the relationship between the development of visual gnosia and children's mastery of the graphic system of the language, as well as to identifying diagnostically significant indicators that differentiate optical dysgraphia from other forms of written language disorders.

The paper presents the results of psychological–pedagogical and neuropsychological assessments, analyzes typical writing errors, and examines how these errors relate to deficits in particular components of visual gnosia. The findings demonstrate that reduced ability to distinguish visually similar letters, insufficient visuospatial analysis, and weakened visual memory are key factors determining the structure of optical dysgraphia.

The patterns identified in the study refine diagnostic criteria for this disorder and justify the need for targeted remedial interventions aimed at developing visual gnosia and visuospatial functions. The conclusions contribute to a deeper theoretical understanding of the mechanisms of optical dysgraphia and can be applied in the practice of speech–language pathology and neuropsychological support for children experiencing difficulties in writing.

Keywords: optical dysgraphia; visual gnosia; visual perception; visuospatial functions; neuropsychology.

Кіріспе. Бастауыш сынып оқушыларында жиі кездесетін оқу қиындықтарының бірі ретінде қарастырылатын – жазбаша тілінің дамуына қатысты қиындықтар педагогикалық және нейропсихологиялық зерттеулерде ерекше назарда тұрған мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі кезеңде білім алушылардың оқу дағдыларының сапасына қойылатын талаптардың артуы, жазу процесінің күрделілігі және когнитивтік функциялардың қалыптасу ерекшеліктері дисграфия сияқты бұзылыстарды зерттеудің өзектілігін арттыруда.

Қазақстан Республикасының Оқу– ағарту министрлігінің №4 бұйрығына сәйкес, ерекше білім беруге қажеттіліктерді бағалау тәртібі оқу қиындықтарының себептеріне

байланысты балалардың екі тобын айқындайды: біріншісі – клиникалық негіздегі бұзылыстарға (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек– қимыл жүйесі және т.б.) байланысты топ; екінші топты – оқу дағдыларының қалыптасуындағы ақыл– ой және физикалық дамуы бұзылмаған балалар кіреді, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік– психологиялық және басқа факторлармен анықталады 1) әлеуметтік осал топтағы отбасыларда тәрбиеленетін, микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған балалар; 2) жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар); 3) мүгедектігі бар балалар болып келеді.

Бірінші топтағы балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата– анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу– ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 [бұйрығына](#) сәйкес ПМПК қорытындысы мен ұсыныстары және психологиялық– педагогикалық қолдау қызметінің (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі негіз болып табылса, ал екінші топтағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау: 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгертпей оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге; 2) үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен қосымша сабақтарды ұйымдастыруға 3) оқу орнын бейімдеуге; 4) мектеп психологтің қолдау; 5) әлеуметтік педагогтің қолдау қажеттіліктерін анықтау үшін жүргізіледі [1]

«Қазіргі уақытта Қазақстанда дисграфия немесе оның визуалды/оптикалық түрінің таралуы жайлы ресми, жалпы статистика жоқ. Өйткені мемлекеттік статистика базаларында (мысалы, Ұлттық статистика бюросында) тілдік бұзылыстар немесе жазу бұзылыстары бойынша бөлек санат қарастырылмаған. Алайда, бір ғылыми зерттеу барысында – қазақ тілінде оқитын бастауыш сынып оқушылары арасында жазбаша қателері бар балалар 14.4 % деңгейінде кездескені анықталды (Movkebayeva & Kudaibergenova, 2022). Бұл – жазбаша қателер жиілігінің көрсеткіші, бірақ дисграфия диагнозы немесе дискрипцияның визуалды/кеңістіктік түрі ретінде емес. Осылайша, дисграфияның нақты көлемін, сондай– ақ оның түрлері бойынша – визуалды/оптикалық дисграфияның үлесін көрсету үшін – қосымша зерттеулер қажет.»

Материалдар мен зерттеу әдістері. «Дисграфия» тәрізді жазудың спецификалық бұзылыстары бар балалар екінші топ балаларында басым жағдайда кездесіп, оқушыларда белгілі оқу қиындықтарын тудырып, арнайы түзету жұмысын талап етеді. Қазіргі білім беру тәжірибесінде бастауыш мектептерде дисграфиясы бар балалардың санының айтарлықтай артуы байқалуда. Жалпы әлемдік мәліметтер бастауыш мектеп жасындағы балалар арасында дисграфияның кең таралған мәселе екенін дәлелдейді: оның жиілігі орта есеппен 5–20%, кей елдерде 25–30%– ға дейін жетеді. Оптикалық дисграфияның үлесі – 5–7%, бұл визуалды– кеңістіктік процестердің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты [2].

Психологияда «түсініктер» ретінде танылатын, ал нейропсихологияда «гнозис» деп аталатын функциялар сезімдер негізінде дамиды. Ол «тану» деген мағынаны білдіреді.

Заттық гнозис – қоршаған ортаға бейімделу үшін маңызды болып, нәтижесінде адам балалсы түрлі заттарды ажырата алады. Көру гнозисі шынайы заттар мен бейнелерді танудан басталып, біртіндеп күрделене түседі. Көру гнозисі мен дисграфияның байланысы қандай? Оптикалық дисграфияны, соның ішінде көру гнозисінің рөлін талдау, оның механизмдерін ғылыми негізде айқындау және түзету жұмыстарының бағыттарын нақтылау – қазіргі зерттеулер үшін аса өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Дисграфия – жазу әрекетінің бірқалыпты орындалуына қажетті жоғары деңгейдегі психикалық функциялардың жеткілікті қалыптаспауынан туындайтын күрделі жазу

бұзылысы. Жазу үдерісі көптеген когнитивтік және тілдік операцияларды біріктіретін көпсатылы процесс болғандықтан, оның кез келген деңгейіндегі ақау жазу сапасына тікелей әсер етеді. Оның түрлі нысандарының ішінде оптикалық дисграфия ерекше феномен ретінде қарастырылады. Себебі, дисграфияның бұл түрінде бұзылыстың негізінде моторлық немесе сөйлеу тілі процестерінің жеткіліксіздігі емес, әріптік таңбаларды тану, ажырату және қайта жазу сияқты графикалық формаларды қабылдауды қамтамасыз ететін көрнекі механизмдердің бұзылуы жатады

Қ.Қ. Өмірбекова «Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары» атты еңбегінде, сондай-ақ А.Р. Лурия өзінің «Очерки психофизиологии письма» жұмысында жазу әрекетінің негізгі операцияларын сипаттайды. Адам ең алдымен жазылатын ойды жоспарлап, ауызша құрылымдайды, кейін оны грамматикалық және семантикалық жағынан жүйелеп, сөйлем деңгейінде ұйымдастырады. Әр сөйлем белгілі бір шекаралармен бөлінетін сөздер жиынтығынан тұрады және жазбаша түрде белгіленуі тиіс күрделі құрылымдық бірлік болып саналады.[3,4]

Оптикалық дисграфияны түсінудің өзектілігін бірнеше ғылыми–практикалық салаларда көрініс табады. Мысалы, педагогикалық тұрғыдан алғанда, ерте анықтау және мақсатты түзету жұмыстары жазудағы бұзылыстардың механизмдерін терең түсіндіретін теориялық негізге сүйенуі қажет. Көріп қабылдаудың жазуды меңгерудегі үлесі өте үлкен. Нейропсихологиялық тұрғыдан оптикалық дисграфия – көру гнозисі мен жазбаша сөйлеу тілінің өзара байланысын зерделеуде маңызды модель болып табылады. [5]

Көрнекі қабылдау мен жазу дағдысының арасындағы интуитивті байланысқа қарамастан, визуалды гнозистің оптикалық дисграфияға қосатын нақты үлесі қазіргі теориялық үлгілерде жеткілікті дәрежеде нақтыланбаған

Мақалада көзделетін мақсат – оптикалық дисграфияны түсіндірудегі көру гнозисінің рөлін жан-жақты теориялық тұрғыдан талдау. Когнитивтік модельдер, нейропсихологиялық теориялар және концептуалдық тәсілдерді жүйелі түрде қарастыру арқылы көріп қабылдауды өңдеудің жазбаша тіл өндірісіне ықпал ететін механизмдерін айқындау және бұл саладағы теориялық алшақтықтарды белгілеу көзделеді. Мұндай теориялық негізді қалыптастыру оптикалық дисграфияны тереңірек түсінуге және болашақ зерттеу бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, дисграфия – фонологиялық және орфографиялық белгілерді графикалық өнімге ауыстыратын символмен кодтау жүйесінің бұзылуын білдіреді. Бұл көзқарас жазбаша тілдің қалыптасуында фонологиялық саналық, орфографиялық білім және морфологиялық түсінік сияқты лингвистикалық құзыреттердің негізгі рөлін айқындайды.[6]

Психологиялық тәсілдерде дисграфия оқу қиындықтарының кең ауқымда қарастырылып, жазбаша тілдің қалыптасуына негіз болатын когнитивтік процестердегі арнайы дефицит ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда ес, назар, атқарушы функциялар және процедуралық оқу дағдыларының жазу дағдыларының қалыптасуы мен автоматтануындағы өзара байланысы ерекше атап өтіледі.[7]

Нейропсихологиялық зерттеулер дисграфияны жазбаша тіл өндірісін қамтамасыз ететін нейрондық құрылымдар шеңберінде қарастырады және оны белгілі бір ми аймақтары немесе нейрондық желілер қызметінің бұзылуы ретінде түсіндіреді. Бұл бағыт анатомиялық және функционалдық аспектілерді біріктіре отырып, графомоторлық жоспарлау, көру–кеңістіктік өңдеу немесе орфографиялық ақпаратты сақтау үшін жауапты қыртыстық аймақтардағы бұзылыстарға тән жазу кемшіліктерін байланыстырады. Нейропсихологиялық тәсіл дисграфия көріністеріндегі гетерогенділікті биологиялық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді.[8]

Қазіргі зерттеулерде дисграфия жазу бұзылысының қай жүйедегі негізгі қиындыққа – когнитивтік немесе моторлық дефицитке – байланысты болатынына қарай бірнеше түрге

бөлінеді. Моторлық дисграфия графомоторлық дағдылардың бұзылуымен түсіндіріледі және жазу кезіндегі қолдың қозғалысын басқару қиындығымен сипатталады. Мұндай оқушыларда әріптің дұрыс жасалмауы, жоларалықтың сақталмауы, жазудың тым баяу болуы байқалады, бірақ орфографиялық білім әдетте сақталады.

Теориялық модельдер дисграфияның қалыптасуын әртүрлі жолмен түсіндіреді. Бірқатар модельдер жазу бұзылыстарын фонологиялық, визуалды– кеңістіктік, моторлық немесе атқарушы функциялардағы нақты дефициттермен байланыстырады. Ал кейбір модельдер керісінше, дисграфия бірнеше когнитивтік жүйелердің өзара әлсіз әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасады деп есептейді. Қазіргі көзқарастар дисграфияның гетерогенді (әртүрлі көріністе) болатындығын мойындап, әр баланың ерекшелігі оның жеке когнитивтік, лингвистикалық және моторлық қабілеттерінің ерекше үйлесімінен тұратынын көрсетеді. Бұл логопедиялық жұмыста жеке тәсіл қолдануды қажет етеді.

Оптикалық дисграфия с баланың жазу барысында әріптердің графикалық бейнесін дұрыс тану, есте сақтау және ажырату қабілеттерінің бұзылуынан туындайтын жазу дағдысының бұзылысы. Бұл түрдегі дисграфия көбіне ұқсас әріптерді шатастыру, әріп элементтерін бұрмалау, айна тәрізді қателер жіберу, әріптердің бөліктерін тастап кету немесе артық элемент қосу сияқты көріністермен сипатталады. Қазіргі нейрокогнитивтік зерттеулер оптикалық дисграфияны вентралды көру жолының (ventral visual stream) жеткіліксіз жұмысымен байланыстырады. Әсіресе латералды окципито– уақытша аймақтардағы (fusiform gyrus) «сөздің визуалды формасы аймағы» (Visual Word Form Area, VWFA) әріп бейнесін тұрақтандыруда шешуші рөл атқарады. Бұл аймақтың функционалдық әлсіздігі графемаларды ажырату, визуалды үлгіні сақтау және оның моторлық орындауға ауысуын қиындатады.

Материалдар және зерттеу әдістері. Ғалымдардың көпшілігі оптикалық дисграфияны визуалды қабылдаудың жетілмеуімен, кеңістікті бағдарлау дағдыларының әлсіздігімен және көру гнозисінің толық дамымауымен байланыстырады. Әріп – жазба тілдің негізгі бірлігі болғандықтан, оны дұрыс тану жазу процесінің бастапқы және басты шарты болып саналады.

Көру гнозисінің жеткіліксіздігі кезінде бала белгілі бір әріптің бейнесін оны көру арқылы қабылдағанмен, оның маңызды белгілерін ажырата алмайды. Нәтижесінде жазу кезінде графема дұрыс «қайталанбайды», яғни қолдың мотор қозғалысы қажетті визуалды үлгіге сәйкес келмейді. Осы себепті оптикалық дисграфия моторлық немесе фонематикалық мәселелерден емес, дәл осы көру арқылы тану жүйесінің әлсіздігінен туындайды.

Көру гнозисі – адамға қоршаған ортадағы заттарды көру арқылы танып– білуге, олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтауға, бөліктерді тұтастыққа біріктіруге мүмкіндік беретін когнитивтік функция. Жазуды меңгеру барысында көру гнозисі бірнеше маңызды қызмет атқарады:

- Әріптің барлық элементін объективті түрде тану;
- Ұқсас әріптерді (М–Н, П–Л, Ы–Ъ, б–д т.б.) ажырату;
- Әріп бейнесін есте сақтау және оны моторлық әрекетке көшіру;
- Кеңістікте бағытты анықтау (оң–сол, жоғары–төмен);
- Графикалық бейнелерді салыстыру және талдау.

Егер балада көру гнозисінің дамуы жеткіліксіз болса, ол әріптің қандай элементтен тұратынын немесе қандай бағытта орналасқанын анықтай алмайды. Мұндай оқушы әріптердің негізгі құрылымын шатастырып, кеңістіктік элементтерді дұрыс емес орында жазады. Бұл жағдай жазу процесін күрделендіріп, жалпы оқу үлгеріміне кері әсер етеді.

Оптикалық дисграфиясы бар балалардың жазба тіліндегі қиындықтары көбіне көру арқылы қабылдау мен тану процестерінің жеткіліксіздігімен байланысты. Сондықтан визуалды гнозисті дамыту – түзету– дамыту жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Визуалды гнозис объектілердің, символдардың және олардың қасиеттерін дәл тану қабілетін

қамтып, әріптік бейнелерді ажырату мен тұрақтандыруда маңызды рөл атқарады. Бұл функция толық қалыптаспаған жағдайда бала әріптердің кеңістіктік бағытын шатастырады, ұқсас графемаларды айыра алмайды, олардың құрылымын бұрмалайды.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау. Оптикалық дисграфиясы бар балаларда жазу барысында кездесетін қателердің басым бөлігі көру гнозисінің жеткіліксіздігімен байланысты. Көру гнозисі – заттар мен графикалық белгілерді көзбен қабылдап, оларды бұрынғы тәжірибеге сүйеніп тануға мүмкіндік беретін жоғары деңгейлі перцептивтік функция. Оның жеткіліксіздігі әріптердің кеңістіктік бағдарын шатастыру, ұқсас графемаларды ажырата алмау және әріп бейнесінің тұрақсыздығы сияқты бұзылыстарға әкеледі [9]

Көру гнозисін жетілдірудің негізгі бағыты – әріптік бейнелерді тануды, олардың құрылымын салыстыруды және фоннан ажыратуды дамыту. Л.С. Выготскийдің мәдени–тарихи теориясы мен А.Р. Лурияның жоғары психикалық функциялардың жүйелік–құрылымдық ұйымдасуы туралы қағидаларына сәйкес, көру– перцептивтік механизмдер жазу әрекетінің іргелі компоненттері болып табылады [10]

Осыған байланысты келесі жаттығулар қолданылады: күрделі фондағы әріпті табу, ұқсас графемаларды салыстыру, бұрылған немесе айна бейнесіндегі әріптерді тану. Мұндай тапсырмалар көру талдауының дәлдігін күшейтіп, объектінің тұрақты бейнесін қалыптастыруға көмектеседі.

Оптикалық дисграфия кезінде кеңістіктік бағдарлау, бағыт пен пропорцияларды сақтау қиындықтары жиі кездеседі. Кеңістіктік функцияларды дамыту А.Л. Бендер, Х. Хэд және нейропсихология мектебінің кеңістіктік ұйымдасу туралы еңбектеріне сүйене отырып жүзеге асырылады [11,12]

Бұл бағытқа жататын тапсырмалар:

- оң–сол, жоғары–төмен қатынастарын бекіту,
- әріптердің бағыттық айырмашылықтарын үйрету (р–ғ, б–д, ш–щ),
- графикалық жолдар мен лабиринттерді орындау,
- әріп бөліктерін кеңістікте дұрыс орналастыру.

Бұл тапсырмалар көру– моторлық интеграцияның дамуына және кеңістіктік тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Көру гнозисінің маңызды компоненттері – талдау және синтез. А.Р. Лурия мен Х.Спаркстың нейропсихологиялық зерттеулері бойынша, объектіні бүтіндей тану үшін оның бөліктері туралы ақпаратты біріктіру қабілеті негізгі рөл атқарады [10,13] Сондықтан түзету жұмысында мыналар қолданылады:

- толық емес немесе бүлінген әріпті қалпына келтіру,
- әріп бөліктерін салыстыру,
- артық элементті табу,
- фрагменттерден бүтін графеманы құрастыру.

Бұл әдістер әріп құрылымының тұрақты бейнесін қалыптастырып, оптикалық қателердің азаюына жағдай жасайды. Көру гнозисі моторлық репрезентациялардан бөлек жұмыс істемейді. Лурия мектебі жазбаша әрекет – күрделі функционалдық жүйе екенін дәлелдейді, ал көру және моторлық бағдарламалардың үйлесуі графемаларды дұрыс орындаудың негізі болып табылады. Осы бағытта әріп контурын бояу, сызық траекториясы бойынша қозғалу, әріпті ауада, құмда, тақтада жазу, әр түрлі түстермен штрихтау. Бұл тәсілдер көру бейнесі мен моторлық бағдар арасындағы байланысты нығайтады.

